



**АТЫРАУ
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

**Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА**

№3-4 (127-128)
Сәуір, 2023 жыл



12 СӘУІР ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді 12 сәуір - Ғылым қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Тәуелсіз мемлекетіміздің нығаюы мен болашағының жарқын болуы жолында қолға
алған жаңа бастамаларыңызға, ғылым саласына қосқан ізденіске толы іргелі
жұмыстарыңызға үлкен жетістіктер тілеймін.

Мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, ғылым жолында биік белестер тілеймін!
Құрметпен, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
Басқарма төрағасы- ректор
Саламат Идрисов



ҚҰРМЕТТІ 2023 ЖЫЛҒЫ МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІ ЖӘНЕ АТА-АНАЛАР! СІЗДЕР ҮШІН КЕРЕМЕТ МҮМКІНДІК - ТЫС ҚАЛМАҒЫЗДАР!

2023 жылы 24 сәуірде Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті базасында Атырау және Маңғыстау облыстарына бөлінген нысаналы білім беру гранттары туралы ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастыру мақсатында, ЖОҒАРЫ БІЛІМ КӨРМЕСІ өтетінін хабарлаймыз.

КӨРМЕ аясында Атырау облысының мектеп түлектеріне арналған шеберлік сағаттары, семинарлар, тренингтер ұсынылады:

«Өзіңе ұнайтын мамандықты қалай таңдау керек?» - Ержан Әмірбекұлы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының Басқарма Төрағасы - Ректоры.

«Келешек ұстааздардың көшбасшылық әлеуетін дамыту» - Қанай Гүлмира Әмірханқызы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы - ректоры.

«21 ғасыр дағдылары. ҰБТ қалай қолдануға болады?» - Оңғарбаев Қанат Ламанұлы, Қазақстандық дағдыларды дамыту институтының директоры.

«Эмоционалды интеллект» - Малекова Алтын

Шақуқызы, Педагог-қоуч, Ericsson international канадалық мектебінің сертифицирталған қоучі, Эмоционалды интеллект бойынша тренер, «Кәсіптік бағдар - Болашағыңды таңда және басқар» жобасының үйлестірушісі.

«Өзін-өзі таныстыру дағдылары. Шешендік шеберлік» - Бисалиева Шәрбат Саламатқызы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ASU Innovations жобалық кеңсесінің жетекшісі, MBA.

«Жасөспірімдердің коммуникативті және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға» - Нұрсұлтанова Гүлжан Жаманбайқызы, Кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру кеңсесінің жетекшісі, тренер, әлеуметтік ғылымдар магистрі.

«Мамандықты дұрыс таңдау-өмірдің кілті» - Мусина Гулмира Мерлатқызы, Инновациялық білім беру факультетінің аға оқытушы,

«Мамандық таңдау - басты бағдарымыз» - Бисембаева Тоты Жұмажанқызы, Инновациялық білім беру факультетінің аға оқытушы.

Өтетін орны: Студенттер даңғылы, 1. Атырау университеті, Жайық спорт-мәдениет кешені



ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ХАЛЕЛ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұжымы Ғылым күнін дәстүрлі түрде Қазақстан ғылымының көшбасшысы, Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик Қаныш Сәтбаевтың ескеркішіне гүл шоқтарын қоюмен бастады.

Айта кетейік, биылғы 10-21 сәуір аралығын қамтитын Ғылым декадасы Алаш қайраткері, ұстаз, ғалым Халел Досмұхамедовтың 140 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр. Ауқымды шара аясында «Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» атты халықаралық жас ғалымдардың ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп, онкүндік «Халел Досмұхамедов және қазіргі қазақ қоғамы» атты республикалық конференциясымен қорытындыланды.

Ғылым декадасы аясында университетте факультет аралық шаралар өткізілуде. Әр факультет өздеріне белгіленген ғылыми бағыт бойынша интеллектуалды сайыс, ғылыми-тәжірибелік конференция, онлайн және офлайн форматтығы ғылыми семинарлар, ашық дәріс сабақтары, кітаптың тұсаукесер рәсімін ұйымдастырды.

ЕСІМІҢ ҰЛЫҚТАЛСЫН, ХАЛЕЛ АТА!

Жырлайын атамызды, жыр арнайын
Халелді жарнамалап, ұлықтайын.
Қабілет біткен екен бар бойына
Мұрасын сақтайық деп ұрандайын.
Дәрігер, ғалым, лингвист, тарихшының
Барлығы бір бойынан табылады,
Тербетіп «жеңіл қолмен» тән саулығын,
Қаламынан түрлі ілім жазылады.
140 жыл өтінті заман асып,
Есімің естілуде, Жайық асып.
Толқыны Жайығыңның аңсайтындай,
Өзіңдей ел баласын асып-тасып.
Тұрғанда озбыр үкімет отпен лаулап,
Тайсалмай, табандылық танытқаның
Алғанда надан елді ұйқы жаулап,
Оятуға «Алашпен» тырмысқаның,
Тарихта қалдырам деп батырларды
Алғы сөз, жазбаларды жазысқаның
Кеселден көз ашпаған өз еліңе
Тек жақсылық жасаумен жарысқаның
Осының бәрі сенің, өр ерлігің
Елім деп елең еткен кең екпінің
Бір Алла жазған басқа тағдырыңды,
Арнаған қазағыңа өткелдерің!
Сақтайды сені есінде жас ұрпағың
Егемен еліңдегі ұландарың.

Феномені қазақтың, төл дарасы
Көбейсін үлгі алар қырандарың!
Сыймады бұл жырыма бар еңбегің,
Жинадың бар қазаққа білім кенін.
Байлықты, атақ, тіпті гұмырды да
Ысырып қоя салған кең жүрегің!
Замандар жылжи берер, алға зулап
Сақталсын есіміңіз зулап, лаулап.
Өзіңдей болса екен жас ұрпағың
Әмбебап, білетіні мол атырап.
Заманнан озып туған Халел - дара!
Аңсаған азаттықты хакім - дана!

140 жыл толыпты өр есімге
Есімің ұлықталсын, Халел ата!

Гүлнұр САПИДОЛЛАЕВА,
инновациялық білім беру факультеті,
1 курс студенті



МҰРАТ ӘУЕЗОВ - УНИВЕРСИТЕТТИҢ ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЫ



Университеттегі орыс филологиясы кафедрасы бинарлық қонақ дәрісін ұйымдастырып, оны аталған кафедраның профессоры Жарқын Кенжебаева жүргізді. Қонақ дәрісіне көрнекті қоғам қайраткері, мәдениеттанушы ғалым Мұрат Мұхтарұлы Әуезов пен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының халықаралық байланыстар және әлемдік әдебиет кафедрасының меңгерушісі Светлана Викторовна Ананьева қатысты. Дәріс

жерлесіміз, талантты жазушы, ақтер, киносценарист, аудармашы, қоғам қайраткері Сатимжан Санбаевтың «Белая аруана» атты тамаша туындысының мерейтойына арналды.

Кездесу соңында ғылым және халықаралық байланыстар проректоры Еламан Айбульдинов Ғылыми кеңестің Мұрат Әуезовке Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры атағын беру туралы шешімін жариялады.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, Қазақстан Республикасы Тарих және қоғамдық ғылымдар Академиясының академигі, Халел Досмұхамедов және Махамбет атындағы сыйлықтардың лауреаты, Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы Амангелді Шамғонов ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауын қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында өткен «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚЫЗМЕТКЕРІ» атты республикалық байқауында жеңімпаз атанды. Марапатты «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы табыстады. Амангелді Шамғонұлына шығармашылық табыстар мен жетістіктер тілейміз!

ЖАҢА ОҚУ ҚҰРАЛЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ



Ғылыми кітапханада университеттің менеджмент кафедрасының профессоры, Атырау облысының Құрметті азаматы, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері Бақтыбек Таубаевтың «Шабындықтар мен жайылымдар, оларды жақсарту әдістері» оқу құралының тұсаукесер рәсімі болды. Тұсаукесер рәсіміне Қадыр Жүсіп, Қосыбек Ирзағалиев, Асхат Иманғалиев, Қылышбай Сүндетұлы, Мустахим Харенұлы, жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультетінің профессор оқытушылары және О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледж студенттері қатынасты. Оқу құралы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту және азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі міндеттерді іске асыруда шалғын шаруашылығының маңызы қарастырылған. Онда ҚР топырақ-климаттық аймақтары бөлігіндегі табиғи



жем-шөп алқаптарының өсімдіктеріне, шалғындар мен жайылымдардың қауымдастығына, оларды жақсарту және ұтымды пайдалану технологиясына толық сипаттама берілген. Шара соңында гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенттері өз өнерлерін ортаға салды.



ЭССЕ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Алаш және мемлекет қайраткері, көрнекті ғалым, дәрігер Халел Досмұхамедовтың 140 жылдығына орай жастар саясаты департаменті, әлеуметтік мәселелер және жастармен жұмыс жөніндегі бөлімінің ұйымдастыруымен «Халелдің мол мұрасы» тақырыбында университетшілік эссе және бейнеролик байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың басты мақсаты - білім алушы жастардың азаматтық сана-сезімін дамытуға, оның ел тағдырына қатыстығы мен болашағы үшін жауапкершілігін тәрбиелеуге бағытталған. Алаш қайраткерінің қазақ мәдениеті мен қоғамын қалыптастырудағы қажырлы еңбегін насихаттап, кейінгі ұрпаққа көрсету.

Байқауға әртүрлі мамандықтар бойынша білім алатын студенттер, маги-

странттар қатысты. Эссе және бейнеролик байқауына Халел Досмұхамедовтың ұлт мәдениетін қалыптастырудағы рөліне, оның еңбектеріне қатысты көзқарасын білдіретін өз бетінше орындалған шығармашылық жұмыстар қабылданды. Бейнеролик байқау нәтижесінде 6 факультеттен физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті; экономика және құқық факультеті; жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультеті ретіне қарай үздік деп танылды.

Эссе байқауының нәтижесінде 1 орынды инновациялық білім беру факультетінен Гүлнұр Ермеққызы, 2 орынды гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінен Алтынай Мырзағали және 3 орынды осы факультеттен Ақтілек Халимуллаева иеленді.



«МЕГАМОЗГ» МЫҚТЫ ЕКЕНІН КӨРСЕТТІ

Алаш және мемлекет қайраткері, көрнекті ғалым, дәрігер Халел Досмұхамедовтың 140 жылдығына орай жастар саясаты департаменті ұйымдастыруымен «Қазақша QUIZ» интеллектуалды сайысы өтті. Сайысқа 6 факультеттің оқытушы ғалымдары, университет қызметкерлері және студенттер қатысты. Сайыс қорытындысы бойынша 1 орынды «МегаМозг» командасы (27 ұпай), 2 орынды «Нөң» командасы (24 ұпай), 3 орынды 2QAIF командасы (22 ұпай) иеленді. Әрі қарай, «СП» студенттік декандар (21 ұпай), «TESLA» (20 ұпай), «Медиа» (19 ұпай), «Жайық» (18 ұпай), «ABC» (17 ұпай), «Микс интеллект» (17 ұпай), «Помпей» (17 ұпай), «Полеисты» (16 ұпай), «Алаш» (13 ұпай) топтары жайғасты.





ҒЫЛЫМЫ ДАМЫҒАН ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ КЕМЕЛ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңестің алғашқы отырысын өткізді. Жиында еліміздің ғылыми-техникалық саясатының алдағы басымдықтары айқындалды.

– Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы – білімнің жемісі. Әсіресе қазіргі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу мүмкін емес. Сондықтан мен ғылымды дамыту ісіне айрықша мән беріп отырмын. Осы өзекті мәселе бойынша сайлау алдындағы бағдарламада арнайы өз пікірімді айттым. Себебі ғылымды дамыту – мемлекет саясатындағы ең маңызды бағыттың бірі. Өкінішке қарай, елімізде ұзақ жыл бойы оған баса назар аударылған жоқ. Соған байланысты шешімін таппай жатқан мәселелер аз емес. Тіпті, бұл сала артта қалды деуге болады. Біз өркениетті ел боламыз десек, осы олқылықтың орнын толтыруымыз керек, – деп атап өтті мемлекет басшысы.

Отандық ғылымның даму бағыты мен бағдары айқындалған алқалы жиынға аталған кеңестің мүшесі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Еламан Айбульдинов та қатысты.

–Өздеріңіз білесіздер, Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңесі 2023 жылдың

қаңтар айында құрылды. Ұлттық кеңес құрамында 44 мүше бар, оның ішінде, Нобель сыйлығы лауреаттары, шетелде жұмыс істеп жатқан қандас ғалымдарымыз да енгізілген. Алғашқы Ұлттық кеңес отырысында елімізде технологияны дамыту арқылы инновацияны дамыту мақсатында жұмыстар атқару керектігі, келешекте тұтынатын емес, өндіретін мемлекетке айналуымыз керектігі айтылып, оған жету жолдары, алғышарттары пысықталды. Жиында ақпарат алудан бөлек, біздің ғылым саласындағы қазіргі хал-ахуалымыз пысықталып, ғылымды қаржыландыру көлемін ұлғайту және әрі қарай тиімді жұмсау мәселелері талқыға салынды.

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, соңғы бес жылда ғылымға бөлінетін қаржы 60 пайызға артқан, дегенмен, болашақта оны жалпы ішкі өнімнің 1 пайызына дейін жеткізу бойынша жұмыстар жалғаспақ. Қазіргі кезде технологияны даму нәтижесінде кәсіпорындар алты деңгейге бөлінеді. Оның ішінде, 3, 4 технологиялық деңгейлерге машина жасау, мұнай-химия өнеркәсібі, 5 деңгейге микроэлектроника, роботтандыру және IT салалары жатқызылады. Дамыған елдер кем дегенде 5, 6 технологиялық деңгейлерге жетіп отыр. Біз бұл жағынан кемшін қалып отырмыз. Сол себепті, біздің елімізде ескі кен орындарына инновация енгізу немесе жаңа баламалы

өндіріс құру тәсілдері қолданылады деп ойлаймын. Бұдан бөлек, жиында ғылымды жер қойнауын пайдаланушылар есебінен дамыту жөнінде де айтылды. Менің ойымша, технология отандық ғалымдардың күшімен жасақталмаса, шетелдік тәжірибеге сай, технологияға трансферт жасау идеологиясын қолға алу керек. Технологияны тек дайын күйінде пайдаланбай, біздің шикізатқа дағдыландыру жайын қарастырып, ғылымды қолданбалы бағытқа бейімдеу керек. Сондай-ақ, менің ойымша, жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін, БҰҰ-ның қоғамның әлеуметтік, экологиялық, басқа да көптеген бағыттарын қамтыған 17 тұрақты даму мақсаттарына бағыттау керек, – дейді Еламан Қанатұлы.

Сонымен қатар, Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңес отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті ғалым, биология ғылымдарының докторы, әлемдік ғылым қоғамдастығына танымал профессор, отандық «QazVac» вакцинасының авторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Күнсулу Закарьяны Ғылым академиясының президенті лауазымына тағайындағанын айтып өткен болатын. «Меніңше, жаңа бағыттарға, жаңа тәсілдерге құралған, жаңа Қазақстанның негізін құрауға үлес қосатын ұйым жұмысы жанданбақ. Ғалым мәртебесін арттыру бойынша жұмыстар жасалады деп ойлаймын», – дейді Е.Айбульдинов.

2020 жылы ғылымды қаржыландыруға 89 миллиард теңге бөлінсе, биыл оның көлемі 160 миллиард теңгеге дейін ұлғайтылды.

2025 жылға қарай қаржыландыру көлемі 240 миллиард теңгеге дейін артады.

Ғалымдардың жалақысы былтыр 2 есе өсті. Биыл 20 пайызға көбейді, алдағы жылдар тағы 20 пайызға артады.

Гранттар конкурсының қорытындысына қарамастан, базалық қаржыландыру аясында 700 ғалым жалақымен қамтамасыз етілді.

Іргелі ғылымға қаражат гранттар конкурсынан тыс бөлінеді.

Қазақстанның ғалымдары жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына тағылымдамадан өтуге жіберіледі. Жас ғалымдарға 1000 грантқа дейін бөлінеді. 2020 жылы 40 жасқа дейінгі ғалымдардың үлесі 38 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 46 пайызға жетті.

Жобаларды коммерцияландыру үлесі 27 пайызға артты.

2029 жылға дейін ғалымдардың саны 1,5 есе арттыру жоспарланып отыр.

ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ АЙҚЫН

Университеттің жас ғалымдарының кәсіби салалардағы қызығушылықтарын және әлеуметтік мәселелерін қолдау, университеттің ғылыми әлеуетін көтеру, жас ғалымдарды тарту мақсатында 2020 жылы Жас ғалымдар кеңесі құрылды. Оған 40 жасқа дейінгі университет оқытушылары мүше бола алады және қазіргі уақытта – 13 мүшесі бар (оның ішінде PhD – 7; магистрлер саны – 6). Ал университетте 40 жасқа дейінгі жас кадрлардың саны 109 оқытушы құрайды, оның ішінде 16,5%-ының (PhD – 18) ғылыми дәрежесі бар.

Жас ғалымдар кеңесі ғылыми әлеуетті көтеру; гранттық қаржыландырулар конкурстарына қатысу; халықаралық ынтымақтастықты нығайту; жарияланым белсенділігін арттыру; студенттер мен магистранттарды ғылымға тарту; аймақтық, университетішілік ғылыми-танымдық іс-шаралар ұйымдастыру бағыттары бойынша жұмыс атқарады.

Әр жылдың басында Жас ғалымдар Кеңесі өзінің жылдық жоспарын бекітіп, сол бойынша жұмыс жасайды. Енді осы жұмыстардың негізгілеріне тоқталып өтейін:

Қазіргі уақытта ғылыми әлеуетті көтеру, яғни жастарды ғылымға тарту мәселесіне баса назар аударылуда. Биылғы есеп бойынша университетте барлығы PhD – 29, оның ішінде 40 жасқа дейінгі PhD – 18, бұл көрсеткіш докторантураны аяқтаған әріптестеріміздің қорғау есебінен биылғы жылы тағы өседі деп күтілуде.

Университетте ғылыми дәрежесі бар профессорлық-оқытушылық құрамның үлесін арттыру мақсатында мақсатты докторанттарды дайындау, сондай-ақ, мақсатты гранттар бойынша оқуын аяқтаған қызметкерлерге жағдай жасау бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. Оқуды аяқтаған барлық докторанттар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессорлық-оқытушылық құрамына қабылданып келеді және олардың кейбіреулері 2022-2023 оқу жылының соңына дейін қорғауды жоспарлап отыр.

Университеттің жастарының ғылыми ортаға тарту, гранттық қаржыландырулар конкурстарына қатысуы үшін Жас ғалымдар кеңесі ғылым департаментімен бірлесіп, «Science Safe» жобасы аясында семинарлар ұйымдастырады.

Жалпы гранттық қаржыландырулар конкурстарын айта кететін болсам, 2022 жылы ҒЖЖБМ 8 конкурс жариялаған болатын: 2022-2024 жылдарға арналған 5 конкурс (ГФ, жас ғалымдарды ГФ және 3 рет «Жас ғалым» жобасы; 2023-2025 жылдарға арналған 3 конкурс (ГФ, жас ғалымдарға ГФ және «Жас ғалым» жобасы). Осы конкурсқа жас ғалымдар атынан 27 өтінім беріліп, олардың ішінде, конкурстан 6 жоба өтті.

Атап айтсақ, қазіргі уақытта 2022-2024 жылдар аралығында жас ғалымдардың жобасын гранттық қаржыландыру бойынша – 2 және «Жас ғалым» постдокторантура бойынша – 4 жоба жүзеге асуда,

қаржыландыру көлемі 2022-2024 жылдары шамамен 219 млн.теңгені құрайды. Олар:

Жас ғалымдардың жобасын гранттық қаржыландыру бойынша:

«Химическое изучение структуры инновационных композитов, полученных путём взаимодействия природных сырьевых компонентов и отходов предприятия». Ғылыми жетекшісі: Айбульдинов Е.К.

«На пути к устойчивому доступу к безопасной питьевой льдводе и санитарии в сельских районах Казахстана: вызовы достижения ЦУР». Ғылыми жетекшісі: Тусупова К.

«Жас ғалым» постдокторантура бойынша:

«Қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдердің түркілік негізі». Жетекшісі: Аширханова К.М.

«Солитондар теориясы негізінде ферромагнетиктердегі толқындық процестерді моделдеу». Жетекшісі: Беккова Г.Т.

«Оценка действующей модели управления водными ресурсами РК». Жетекшісі: Жупанхан А.

«Решение нелинейной краевой задачи для интегродифференциального уравнения Фредгольма методом параметризации». Жетекшісі: Карекенова С.Г.


2023-2025 жылдар аралығында гранттық қаржыландыру бойынша: «Жас ғалым» постдокторантура бойынша ұсынылған 8 өтінімнің 3-уі, жас ғалымдардың жобасын гранттық

қаржыландыру бойынша – 2 өтінімнің 2-уі де Ұлттық сараптамадан жеткілікті 25 балдан жоғары балл жинақтап, Ұлттық ғылыми Кеңеске ұсынылды. Бұл конкурстардың нәтижесі алдағы уақытта белгілі болмақ.

Қазіргі таңда ғалымдарды бағалайтын халықаралық 3 критерий (сілтеме индексі, Хирш индексі, жоғары импакт-факторлы шетел журналдарындағы мақалалар саны) бойынша біздің университеттің жас ғалымдары да өз үлестерін қосып отыр. Хирш индексі үлкен әріптестерімізді атап өтсем, (Беккова Г.Т. – Scopus h=8, WoS h=7, Айбульдинов Е.К. – Scopus h=4, WoS h=6, Кабиев Е.С. – Scopus h=4, WoS h=4 және т.б.). Ал 2022 жылы жарияланған мақалалар санына тоқталсақ, Web of Science деректер қорында – 4, Scopus деректер қорында – 16. Университеттің жас ғалымдары импакт факторы жоғары шетелдік журналдарда мақала жариялаумен қатар, халықаралық, республикалық, жергілікті конференцияларға да қатысып, монографиялар, оқу құралдарының баспадан шығарып жүр.

Сонымен қатар, университет жас ғалымдары Science Safe шеңберінде ғылыми шаралар, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстел ұйымдастырып жүрміз. Яғни біздер университетіміздің ғылымын артыруға өз үлесімізді бағынша қосып жатырмыз деп есептеймін.

Гүлдана БЕКОВА,
Жас ғалымдар кеңесінің төрайымы



Жан-жақты білім иесі, ғұлама ғалым Х.Досмұхамедұлының тарих ғылымын байланысты жазған еңбектерінің өзі бір төбе. Ол, әсіресе, патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы Қазақстанның батыс бөлігінде өрістеген ұлт-азаттық қозғалыстарға үлкен көңіл бөлген. Соңғы жылдары Х.Досмұхамедұлының 1836-1838 жылдардағы Бөкей хандығы мен Кіші жүздің батыс бөлігін қамтыған Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс тарихын тұңғыш зерттеген қазақ ғалымы екендігі дәлелденіп отыр. Халелдің осы мәселе туралы жазған көлемді еңбегі – оның 1925 жылы Ташкент қаласының мемлекеттік баспаның күншығыс бөлімі шығарған «Исатай-Махамбет» атты кітабы.

ИСАТАЙ-МАХАМБЕТ КӨТЕРІЛІСІН ЗЕРТТЕГЕН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ

Бұл кітап шықпастан бұрын 1924 жылы Халел «Сәуле» журналының бетінде «Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет» деген мақала жариялаған. Бұл мақалада Х.Досмұхамедұлы патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы С.Датұлы бастаған және басқа да халық-азаттық көтерілістерге шолу жасайды. Мақалада Еділ-Жайық өзендері аралығында XIX ғасырдың бас кезінде Бөкей хандығының құрылуы, Жәңгір хан басқарған жылдарда хандықтағы бұқара халықтың көрген екі жақты қысымы туралы айтылады. Ол қысым, біріншіден, патшалық отаршылдардың Бөкей ордасындағы шұрайлы жерлерден қазақтарды ығыстырып шығарып, оларды құмды аймаққа ығыстыруы болса, екіншіден, Ресей өкіметі тағайындаған, сондықтан, ол өкіметке толық тәуелді Жәңгір ханның бұқара халыққа зорлық-зомбылық жасап, оларды әр-түрлі алым-салықтармен тұншықтыруы еді. Мұның өзі еңбекші бұқараның үлкен наразылығын туғызды. Ел ішінде халықтың мұң-мұқтажын жоқтаған ержүрек батырлар шыға бастады. Солардың бірі – қол бастаған көсем Исатай батыр болды. Оған от тілді, орақ ауызды Махамбет ақын келіп қосылды. Бөкей ордасындағы езілген, жаншылған халық теңдік, бостандық іздеп Исатай батырдың қол астына жиналды. Сөйтіп, ұлт-азаттық көтеріліс бүкіл орданы қамтыды. Көтерілістің шырқау шыңы – олардың хан ордасын қоршауы еді. Тек патша өкіметінің Жәңгірханға дер кезінде келіп үлгерген әскери көмегі ғана оны құрып кетуден аман сақтап қалды. Исатай Тайманұлының қалың қолы зеңбірекпен қаруланған отаршылдардың әскерлеріне қарсы тұра алмай, жеңілді. Одан әрі Бөкей хандығында қалудың өте қауіпті екендігін түсінген Исатай аз ғана нөкерлерімен, отбасымен Жайық өзенінің шығыс бетіне – Кіші жүзге өтіп, Кіші жүз халқы азаттық күреске жұмылдырады. 1838 ж. жазында Исатай батыр күтпеген жерде патша үкіметінің күші басым әскерлерімен кездесіп, жан аямай соғысып, ерлікпен қаза тапты. Басшысы қаза тапқаннан кейін көтерілісшілер ыдырап кетті. Көтерілісшілердің басын қосып, біріктірімін деп қанша тырысса да Махамбеттің мақсаты іске аспады. Күндердің күнінде Махамбеттің өзі де қастандықтың құрбаны болды.

1836-1838 жылдардағы бүкіл Батыс Қазақстанды дүр сілкіндірген халық-азаттық көтерілістің басшысы Исатай батыр туралы Добромислов, Сербариев және басқа да зерттеушілердің еңбектерімен таныса келе, сонымен бірге өзінің туып-өскен жері Тайсойғандағы кәрікұлақ қариялардың естеліктерін пайдалана отырып, Х.Досмұхамедұлы өзінің 1925 жылы баспадан шыққан «Исатай-Махамбет» атты кітабына «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы туралы қысқаша мағлұмат» деп аталатын алғы сөз жазған. Бұл мақала күні бүгінге дейін өз мәнін жоймаған, керісінше, осы көтерілісті зерттеушілер үшін құнды еңбек болып табылады.

Мақала 1731 жылдан бергі тарихи оқиғаларға жасалған қысқаша шолудан басталады. 1771 жылы Еділ мен Жайық арасындағы далалықты мекендеген қалмақтар көшіп кеткеннен кейін патша өкіметі 1801 жылы қазақтарға Жайықтың батыс бетін мекендеуге рұқсат берді. Өйткені «қазақтарды Жайықтан өткізбей тұра

алмайтынына өкіметтің көзі жетті. Оған қоса, «қазақты бөліп, күшін кеміткісі келді». Жаңадан құрылған хандықты әуелі Бөкей, кейін оның баласы Жәңгір биледі. Х.Досмұхамедұлы жаңа құрылған хандықта әуел бастан-ақ жер мәселесі шиеленістің басы болғандығын көрсетеді.

Ал, көтерілістің Жәңгірге бағышталу себебін Халел былайша түсіндіреді: «Жәңгір қара халықтың жерін ханның мүлкі деп есептеді. 400 мың десятина жерді ханның өзі иемденді. Бірқатар жақсы жерлерді айналасындағы туғандарына, төрелеріне, сыбайластарына бөліп берді. Өзіне жақпаған ауылдың, рудың жерін тартып алды. Қазақ хандарының бұрынғы тұрмысы Жәңгірді қанағаттандырмады. Жәңгірге салтанат, патша тұрмысы керек болды. Салтанат құруға ақша керек. Елге түсетін салық көбейді. Жәңгір зекет алуды шығарды. Зекетті малмен алмай, ақшамен алатын болды. Ханның соғымы деген тағы бір ауыр салық салды. Жәңгір хан елден бөлектене бастады. Қасына күзетші қылып орыстан әскер алды. Ел аралаушы «хан адамдары», патша чиновниктері көбейді. Бұлардың бәріне үй, ет, қымыз, лау, т.б. нәрселер керек болды. Керектің бәрін халық төлейтін болды. Ел жақтаған ақсақалдардың, билердің хан қасында қадірі кеміді. Жәңгір хан елді бөліп-бөліп ер рудың, әр тайпаның басына бір-бір төре қойды. Бұлар өз қол астында Жәңгірдің саясатын жүргізе бастады. Ел ішінде әділдік жойылды».

Алғы сөзде Жәңгір хан мен Исатайдың арасындағы араздықтың шығу себебі де көрсетіледі: «Исатай Беріш руының биі, әуел бастан Қарауылқожаға қарсы болған. Ханнан, Қарауылқожадан зәбір көргендер Исатайға барып паналайды. Бұған хан қатты ашуланады. Исатай – хан билеуіне бағынбай, жарлығына көнбейді. Исатайдың қол астындағы елге ханның әмірі жүрмейді. Ханның Исатайға әлі келмейді. Елдің көбі бірте-бірте Исатайға ауа береді. Байұлы деген елдің көбі Исатай жағына шығады».

Халелдің пікірінше, Исатай Тайманұлының көтерілісі бастаудағы мақсаты – «жайлы қоныс табу, тартып алынған қоныстарды жою, қара қазақ баласына теңдік алып беру».

Мақалада көтерілісшілердің хан ордасын қоршауы, Тастөбедегі ұрыс, Исатай батыр бастаған шағын топтың Жайықтың шығыс бетіне – Кіші жүзге өтуі әңгіме болады. Жайықтың шығыс бетінде сұлтан Баймағамбет Айшуақовтың әскері Исатайларды қуғындайды. Тіпті, Исатайдың жанұя мүшелерін қолға түсіреді. Бірақ ел Исатайды жасырады. «Қара күштен жеңіліп, аз ғана жолдастарымен алақандай жерде қамауда қалғанда да, ел Исатайды ұстап бермеді. Кеңшілікке шығып патша өкіметінен, оған ерген хандардан қазақтың арын алыңдар деп жар шашқанда Исатайға қазақ малын да берді, басын да берді».

Исатайдың қозғалысы екінші дәуірінде (кезеңде – А.Ш) екпінді басталды. Бірақ, Исатайдың қимылы аяқталмай қалды. 12 әсетте Қиыл бойында Исатай қаза таппағанда, бұл қозғалыстың қандай қанат жаятындығы белгісіз еді. Исатай батыр өлген соң қазақтың бірлігі кетеді. Жиналған көп қол тарай бастайды.

Алғы сөзде Исатай батыр бастаған көтеріліске талдау жасаған Халелдің пікірінше, «елдің қимылын жолға са-

лып, ұйымдастырып отыратын көсем керек. Бұндай уақытта ұйымдастырушы көсем шықпаса, елдің қимылы бытырап, шашылып, ұлы мақсаттың орнына уақ пайда туып, ұлы қимыл аяқсыз қалады. Қимылдың көсемі бас пайдасынан баз кешіп, жан-тәнімен көптің тілегін орындауы керек. Көтерілістің көсемі Исатай – міне, осындай адам болған. Сондықтан да бұқара халық оның соңына ерген». Патшалар заманында өлгенінше көпті соңына ертіп кеткен жалғыз – Исатай. «Халық үшін Исатай үй-ішін, туған-туысқандарын садақаға берді. 2 баласы, 1 қатыны соғыста өлді. 2 баласы, 1 қатыны жаудың қолына түсіп, айдауда шіріді. Ағайындары шабылды, тұтылды. Тырнақтап жинаған мал-мүлкі, бүтін қара-орман, дүниесі жаудың қолында қалды. Жәңгір ханға қадірлі елдің билері бірнеше рет ханмен бітіремін деп араға түссе де, Исатай «Халықтың тілегін орындамаған ханмен бітім болмайды», – деді. Исатай батыр алдау, арбау, қулық-сұмдық дегенді білмеген, оның ісінің бәрі – әділдік, туралық».

И. Тайманұлы бастаған көтерілісшілердің құрамында Кіші жүздің барлық руларының да адамдары болған. Х.Досмұхамедұлы былай деп жазады: «Исатайға бөтен Кіші жүз қорған болды. Исатайды көтермелеп, Кіші жүзге ақырында Әлімұлы басшы болды. Соңғы жорығында қасындағы 3 мың қолдың көбі Әлім еді».

Қиын уақытта елге басшы болған адам көпті ұйымдастыра білуі керек. Бөкейліктегі елдің тегісінен Исатайға ергендігі Исатайдың көпті ұйымдастыра білетіндігінен еді. Жалғыз өзі қашан барып бүтін әлімді, адайды біріктіргені, түрікпенді, Хиуаны ризалап, көңілін тауып, өзіне тілектес қылғаны, Қайыпалды, Науша секілді бұрынғы қашқындарды қасына жинап, өзін жолдас қылғаны – Исатайдың көпті ұйымдастыруға шебер екендігін көрсетеді». «Ұзын сөздің қысқасы, – деп қорытындылайды Халел, – тарихты, елдегі сөздерді тексергенде Исатай – көпке басшы болуға лайық адам».

«Исатай батыр бастаған көтеріліс қазаққа қандай пайда, зиян берді, патша өкіметіне қандай ой түсірді?» – деген сұраққа Халел былай деп жауап береді: «И.Тайманұлы бастаған халық-азаматтық көтеріліс қазақтың көзін ашып, патша өкіметінің кім екенін танытты, патша өкіметіне сүйенген хандардың, сұлтандардың қазаққа дұшпан екендігін анық көрсетті». Халел И.Тайманұлы бастаған көтеріліс жеңілгенмен, оның Кіші жүзге отаршылдыққа қарсы XIX ғ. 40-60 жылдарда болған қозғалысқа үлкен әсері болғандығы туралы былай дейді: «Шекті Көтібарұлы Есет, Нұрмұқанұлы Жанқожа, Өтен, Нарынбай, Төремұрат секілді хандармен, патша өкіметімен арпалысқан батырлар – ізін басып үлгі тұтқан Исатайдың жеткіншектері еді». Былайша айтқанда, XIX ғасырдың 30 жылдарында И.Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті жоғарыда аттары аталған Исатай батырдың ізбасарлары одан әрі өрістетті.

Х.Досмұхамедұлының жоғарыда аталған кітаптағы келесі мақаласы «Махамбет батыр» деп аталады. Халелдің пікірінше, Махамбет – әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы, бағыт алған жағынан тайынбайтын қарыспа ер. Ха-

лел екі батырдың халықтың соңдарына ерту тәсілдерін былайша суреттейді: «Исатай жұртты соңына ақылмен, дәлелмен ерткен болса, Махамбет жұртты қыздырып, көңілін аударып ерткен. Исатай ақсақалдармен, бас адамдармен ақылдасып, кеңесіп отырғанда, Махамбет айналадағы үйлерде, ауылдарда қидырып, өлең айтып, домбыра тартып жұрттың көңілін өзіне аударған». Халел Махамбеттің көтеріліс кезінде әрі батыр, әрі айлакер болғандығын былайша көрсетеді: «1837 жылы қауыстың (қарашаның – Ш.А.) 23-күні Бөкейлікте Бекайдар деген жерде Исатайларды 30 жолдасымен орыстың отряды қамайды. Махамбет жолдастарымен мылтық атып, найза жұмсап, отрядты қайырып, Исатайды 2 жолдасымен шығарып жібереді. Исатай құтылған соң Махамбет жолдастарымен орыстардан қашады. Қуғыншылар соңынан қалмай қуып, Махамбетті ұстауға таянады. Сонда Махамбет астындағы бұлың көпшікті жарып жіберіп, ішіндегі мамықты жақылдап қалған қуғыншылардың көзіне шашып жіберіп, құтылып кетеді». Халелдің осы жазғандары Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивіндегі осы көтеріліске байланысты құжаттармен және ел аузындағы аңыз-әңгімелермен сай келеді. Х.Досмұхамедұлы осы мақалада Исатай және Махамбет батырларға жан-жақты сипаттама бере келе, 1836-1838 жылдардағы Бөкей хандығы мен Кіші жүздің батыс бөлігіндегі халық-азаттық көтерілістің бірден-бір қолбасшысы Исатай екендігін дәлелдеуге тырысады.

Х.Досмұхамедұлының осы айтқандарынан шығатын қорытынды, жалынды жыршы, жауынгер-ақын Махамбет Өтемісұлы – Исатай батыр бастаған халық-азаттық көтерілісінің рухани жетекшісі. Махамбет Өтемісұлы өзінің жаужүрек батырлығымен, қызуқанды ақындығымен қалың қазақты Жәңгір ханға, би-сұлтандарға, патша әскерлеріне қарсы ұйымдастыра білуінің арқасында көтеріліс басшысы И.Тайманұлының сенімді серігі, көтерілістің ұраншысы, идеологы, жалынды жыршысы болды. Қазақ халқы Махамбетті осы күнге дейін батыр деп қадыр тұтып, оған зор ілтипат білдіріп келеді.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытындыға келуге болады:

- 1) Х.Досмұхамедұлы – қазақ зиялылары арасында 1836-1838 жылдардағы И.Тайманұлы бастаған халық-азаттық көтерілісті жан-жақты зерттеп, ол туралы үлкен шындықтың бетін ашқан тұңғыш қазақ ғалымы.
- 2) Батыр И.Тайманұлы – Бөкей хандығы мен Кіші жүздің батыс бөлігіндегі халық-азаттық көтерілісті ұйымдастырушы және оның бас қолбасшысы.
- 3) И.Тайманұлы тек қана батыр – қолбасшы ғана емес, сонымен бірге ол – ел мен елді, халықты бітімге, бірлікке шақырушы әділ би, шебер дипломат.
- 4) Көтерілістің жеңіліске ұшырауының басты себептерінің бірі – бас қолбасшы И.Тайманұлының қапияда қаза табуы.
- 5) Х.Досмұхамедұлы – жауынгер ақын Махамбет Өтемісұлының өлеңдерін қазақ халқына таныстырған тұңғыш ғалым.

АМАНКЕЛДІ ШАМҒОНОВ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
профессоры, халелтанушы

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссия мүшесі, ғалым Шахман Нағымов сол кезеңдердің куәсі болып, басынан өткерген, репрессия құрбандарының ұрпағы болып табылатын облыс тұрғындарымен сөйлесіп, олар жайлы деректерді жинақтаумен айналысуда. Біз олардың ішінен әзірге 92 жастағы еңбек ардагері, ұзақ жылдар бойы облыстың су шаруашылығын басқарған Қазақ ССР еңбегі сіңген инженер-гидротехнигі Нұғыман Қарабалинмен және 84 жастағы Атырау облысының Құрметті ардагері, партия және совет қызметкері, танымал ұстаз, жазушы Қамза Ғабдуллинмен болған сұхбаттарды жариялап отырмыз.



–Құрметті Нұғыман аға, сіз үлкен өмір жолынан өткен адамсыз. Бізді халқымыздың басынан кешкен ауыртпалықтарын көрген кісілердің мәліметтері қызықтырады. Бұл туралы не айтар едіңіз?

Нұғыман Қарабалин: Мен 1931 жылы Кулагино селосында дүниеге келдім. Балалық шағым өте қиын жоқшылық жағдайда өтті. Отбасында 4 бала болдық. Әке-шешем ауылдың жанында орналасқан плантацияда түрлі көкөніс түрлерін, оның ішінде помидор, қыяр, картоп, басқа да түрлерін өсірумен айналысты. 1940 жылы анам қайтыс болып, біз әкеміздің қолына қарап қалдық. Колхоздағы жұмыс үшін ақша төлемейді, еңбеккүнге аздап тары мен бидай үлестіреді, бірақ ол жетпегендіктен жұрт ашығып, өлген адамдар болды. Бірақ Жайық өзені жағасында орналасқан сол село халқының жанын сақтаған бір жағдай: жылда жазғытұрым өзен тасиды да жазға қарай су тартылғанда кеткен судың орнына қоға деген шөп қаулап шығады, соның тамырын тұрғындар қазып алып, кептіріп, құммен араластырып қазанға салып пісіргеннен кейін келіге түйіп ұнға айналдырып, таямға пайдаланады. Бұл өсімдікті халық эншоқай деп атаған еді. Бұдан басқа, Жайық пен қара суларда ол жылдары балық өте көп болатын-ды, бірақ оны аулайтын құрал болмағандықтан, қазак жұртшылығы қазак-орыстармен өздерінің барымен ауыстырып алып жүрді. Сөйтіп жүргенде 1942 жылдың қаңтарында әкемізді соғысқа алып кетіп, біз 4 бала тірі жетім қалдық. Бізді, балаларды Нарым құмында тұратын нағашы атамның қолына алып, енді сол жердің құдайдың адамдарға берген сыйы құмаршықпен күнелттік.

Соғыс кезінде 12-13 жаста болған мен сол шаруашылықта ересек адамдармен бірге жұмыс істедім. Колхозшыларға еңбекақыға еңбеккүн төленеді. Бірақ колхозшыларға салынатын ет, сүт, май, тұрба салығының кесірінен олар жыл аяғында үнемі бережақ болып қалғандықтан, борышын келесі жылға ауыстырып отырды. Соның кесірінен, колхозшы үкіметке кіріптарлыққа ұшырап, бейне бір еңбек лагерінде жүргендей күй кешті. Оның мәнісі, ол өзінің тұрған жерінен ешқайда кете алмады, басқа жұмысқа ауыса алмады. «Жығылғанға жүдырық» дегендей, соғыстан кейінгі жылдары үкімет колхозшыларды сүліктей сорууды жаңа қитұрқы әдісін ойлап шығарып, оны жерден жеті қоян тапқандай пайдаланды. Ол колхозшыларға 3 пайыздық қарыз облигацияларын үлестіріп беру арқылы жүзеге асырылды. Ол сайып кезінде колхозшыларға ақша төлемейді әдісі болатын. Соғыс кезінде біз балалар колхоздың егіс даласында жұмыс істедік. Жер жыртатын техника атымен жоқ. Үлкен темір тұренті үш-үштен парлап жеккен өзгездерді жегіп жерді жыртқан кезде мен сияқты балалар, біреуі өзгездердің алдына түсіп алып мойындарына таққан ұзын жіппен бағыттап жүрген кезде екінші бала шыбыртқымен өзгездердің ролін атқаратынбыз. Одан кейін сиырларды жеккен құралмен дән себу жұмыстарын атқардық. Әбден бидай піскен кезде бидайды баулап қол орақпен орып, өзгездер арбаларға тиіп тапсыратын пункттерге жіберетін едік.

Онымен жұмысымыз аяқталмайтын. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін қоймалардағы бау-бау бидайды тезіс жерлерге шығарып төсеп, оларды аттардың тұяғының астына салып, дәндерін әбден айырып болғаннан кейін, біздер балалар үлкен апалармен бірге бидайдың дәндерін қолмен аппақ қылып тазалап болғаннан кейін тазалаудан өткен бидайды 50 келі қапшықтарға салып, қабылдау

пункттеріне өткізетінбіз. Бақылаудың қатты болғандығы сондай, өзіміз бұралып аш жүрсек те, аузымызға бір-екі дәнді де салуға қорқатынбыз. Себебі, сол жылдары, аштыққа шыдай алмаған ауылдың бірнеше әйелі жарты шелек бидай аламын деп 8-10 жылға сотталғанын естіген едік.

–Менің түсінгенім, соғыс жылдары ересектермен қатар балалардың да еңбегін өте көп пайдаланған екен ғой. Ал оған еңбекақы төледі ме?

–Жоқ. Күндізгі жұмыс аздай, кешке шаршап-шалдығып үйге келгеннен кейін майдандағы әскерлердің қажетіне шұлық, қолғап, кистет тоқитын едік. Оған да әрқайсымызға арнайы норма берілетін.

–Нұғман аға, Сізге тағы бір сұрақ. Мен өзім де колхозшының баласымын. Есімде, біздің үйде алба-жұлба табақтай табақтай облигациялар болды, соларды не үшін үлестірді?

–Оларды халыққа сатып берді. Ол соғыс кезінде жүзеге асырылып, әскерді жабдықтау үшін жүргізілді. Халықтың ақшасын алудың қамы болды.

–Сол жылдары елде репрессияға ұшаған адамдар болды ма?

–Жоқ. Менің тәңірегімде болған жоқ. Тек 1946 жылы әкем аздап шаталды. Оның себебі, астықты скирдтеп жүріп, кеште үйде аш отырған үш баласына (мен Толыбай дейтін жерде мектепте оқып жатырмын) кешке жұмыстан кейін апарамын деп 3,5 кг бидай жасырып қойса, оны бригадир тауып алып анықтағаннан кейін әкемді апарып Кулагиннің түрмесіне отырғызып қойды. Тек соғысқа қатысқаны үшін, оның үстіне сол кезде аудандық атқару комитетінің председатели болып істеген Қайролла деген кісінің араласуымен әкемді түрмеден үш айдан кейін босатты. Онан басқа ол кісі кемінде 8 жылға сотталатын еді. Міне, шырағым біздің отбасының көрген күні осындай болған еді.

–Аға, сұхбатыңызға көп рахмет!



Шахман Нағымұлы: Құрметті Қамза Мұхамедияұлы, еліміздің басына түскен ауыртпалықтардың арасынан саяси қуғын-сүргін құрбандары мен ашаршылық туралы не білесіз?

–Менің адам болып қалыптасқан жерім – Орпа ауылдық кеңесі. Бірақ мен 1939 жылы Тұщықұдық ауылдық советіне қарасты Ідіркен қыстауында дүниеге келіпін. Бұл жерде біз көп тұрақтай алмай көшіпміз, себебі, ауылдық сауда мекемесінің бастығы болып жүрген әкемді сол жылы фин соғысына алып кеткен. Әкем соғысқа кеткенін атам Ғабдолланың

шешімімен баласы Мұхамедиямен оның інісі Қисымның отбасымен бірге аштан өлмеудің қамымен қайтадан Тұщықұдыққа көшіп келіпміз. Сол жерде отырғанымызда мен анамнан екі жасымда тірідей айырылдым. Себебі, 1941 жылы ол кісіні және әкемнің қарындасы, Закаш Камалиденовтың анасы Әсияны үкіметтің қауылысымен Гурьев-Астрахан темір жолының құрылысына алып кетіпті. Содан кейін ол кісілерді көргеніміз жоқ. Үйде 5 жетім бала қалдық, менімен бірге ағам Самифолла, менің апамнан туған 3 жиен Сираң, Қабдыраш, Закаш, болып бір үйде тәрбиелендік.

Ол кезде елдегі саяси жағдай өте күрделі болды. 1937 жылдан бастап, елдегі әкім-қаралар халықтың арасында үрей орнату үшін елдің бас көтерген игі жақсыларын ұстап беріп жатты. Олар халықтың арасынан бос сөзге жақын адамдарды өздеріне жақындатып, тыңшылар, сатқындар, өтірікшілер мен өсекшілер дайындап, солардың ауызымен жазығы жоқ адамдарға «жапонның тыңшысы», «халық жауы», «ескіні аңсаушы» сияқты жалалар жауып, ұстатып жіберді. Міне, сондай пәлеге біздің де отбасымыз 1937 жылы ұшырады. Менің атам Ғабдолланың туған інісі Абдыраш көкеміз бір беткей, өзінің пікірін тура айтатын батыл адам болыпты. Сонысымен жергілікті билікке жақпай қалған. Ол бір-екі ірі қарасы, он шақты малымен, өзімен өзі шаруасымен отырған. Бірде көкеміз шаруасымен бірнеше күнге қалаға кетіп, үйіне қайтып оралса үйіндегі әйелі Қибаш пен жалғыз баласы Шияп аштан өлейін деп жатыр екен. Содан бұл кісі ол кездегі «мал союға болмайды» деген қатал тәртіпке қарамастан, үйдегі өзінің меншігіндегі қашарын сойып, әйеліне қарап: «Әй, Қибаш, мен сендерді малым бола тұра аштан өлтіретін жағдайым жоқ. Ана етті қазанға салып ас, бір табақ етті бөлек салып қой. Анау осыдан үш шақырым жерде отырған жас жігіттің де семьясы қайбір жетісіп отыр дейсің, мен оны шақырып келетін» деп барып шақырып келгеннен кейін, үйге бір күннен кейін екі-үш милиция келіп, Абдыраш көкемізді алдарына салып, Гурьевке айдап алып кетеді. Кейін білгеніміздей, жаңағы жас жігіт ауылдық кеңестің төрағасы Нұрекешов Мардаштың тағайындаған тыңшысы екен. Содан Абдыраш көкемізді Гурьев қаласының түрмесіне Даулетияр, Мұқаметжан деген молдалармен және тағы екі жас жігітпен, біреуі Қәжекеев Кенжеғали, екіншісі Қоңыров Сүйеуғалимен, бірге жабады.

Ол кездегі түрменің тәртібі: түрменің алдында күнбе күн ат жегілген «ажал арбасы» деген тұрады екен. Соған күн сайын дерлік түрмеді әбден әлсіреп, өлуге жақындаған адамдарды тиіс алып, тірілей көміп тастайтын болған. Бір күні Даулетияр молда: «Ай Абдыраш, біз ертең мына Мұхамеджан екеуміз «ажал арбасымен» келмеске аттанамыз. Сен үшеуіңе бір жол түсіп тұр. Қайда болсаңдар да, бір-біріңе Сүйеу болыңдар» депті. Сонымен, ертеңіне Абдырашпен бірге үшеуің айдап алып кеткен. Бұларды таңертеңнен бастап жаяу жүргізіп, кеш болғанда қолдарын желкесіне қойдырып етпеттерінен жатқызады екен. Жолда күніне бір үзім нан иен қара шай беретін болған. Сонымен, бұлар неше күн, неше ай жүргені белгісіз, Қиыр Шығыстан барып бір-ақ шығыпты. Барған жерлері тұтқыны өтпейтін қалың орманның ішінде бір алаңқай жерде тігілген толған палаткалардан басқа, Сталиннің 3 метрлік ескерткіші болған. Ауру мен аштықтан лагердегі адамдардың 40-45-сі күніне шыбындай қырылып жатыпты, оларды орманның ішінде алдын ала қазып қойған траншеяларға сұлатым көміп тастайтын болған. Бірақ құжатқа әрқайсысына бөлек бөлек акт жасайтын болған. Ал Абдырашқа Гурьев сотының үкімі бойынша «10 сиыры, 10 қойы бар аса ірі бай-қулақ, американың шпионы» деген айып тағылыпты. Ал Қиыр Шығыстағы лагердің соты жаңағы үкімді өзгертіп, «аса білімді су маманы, инже-нер, сол бағытта пайдалануға болады» де-

ген үкім шығарады. Ондағы ойлары бұл кісіні БМ-ның құрылысына пайдаланғысы келген. Бірақ, ол кісі көп ұзамай қатты ауырып қайтыс болыпты. 1м 50 см жерді қазып көміп, үкіметтің 15 метр ақ дәке матасымен орап көмгеннен кейін, соған акт жасапты. Ол құжаттарды біз, туысқандары көп жылдан кейін іздеп барғанда көрдік. Оны архив меңгерушісі Кузьмина деген көрсетті. Себебі, біз Абдыраштың туысқандары 2015 жылы заман түзегесін, сол кісінің баласы Шияп пен оның баласы бар, мен бар, сонау Комсомольск на Амуре қаласына барып көкеміздің жатқан жерін, қорымды тауып, поселкенінің бастығының көмегімен моласын жаңартып, басына мрамордан ескерткіш орнаттық. Содан ауылға келгеннен кейін педагогикалық институттан алған мамандығым бойынша Балықшы ауданы мектептерінде директор, аудандық партия комитетінде жауапты жұмыстарды атқарып жүрген кезімде ауырып, «Авангардтағы» инфекциялық ауруханаға түстім. Менің қасымда балықшылық бір қарт жатты. Содан әңгімеден әңгіме шығып, жаңағы қарт маған қарап, «Сендер, жастар, көп нәрсені білмейсіңдер ғой, мына қазір екеуміз жатқан аурухананың орнында 1930 жылдары түрме болды, сонда мен 19 жастағы баламын, менің атым Қәжекеев Кенжеғали, менімен бірге Қоңыров Сүйеуғали деген жігіт болды түрмеде, 1937 жылы Абдыраш деген үлкен кісімен біз үшеуімізді Қиыр Шығысқа айдап жіберді» дегенде, мен «Ойбай-ау, Абдыраш менің көкем ғой» деп қалай айқайлап жібергенімді білмей қалыппын!

–Бір ғажабы, – деді жаңағы Кенжеғали ақсақал, – Біз осы уақытқа дейін не үшін сотталғанымызды білген жоқпыз». Енді жаңағы Кенжеғали қарттың айтуы бойынша, олар Сүйеуғали екеуі сол тайадағы лагерьде 1948 жылға дейін болғаннан кейін сол жылы жазда он қалаш нанды наубайдан тартып алып, тайаға арқылы қашып, он шақты күн жүргеннен кейін темір жолға келіп тірелгеннен кейін развезге келіп тоқтаған тауар поезына мініп, ұзақ уақыт жүріп Москваға келіпті. Онда халықтың арасында араласып жүріп, арасында кетерме жұмыс істеп, ақыры тағы да тауар поезімен Гурьевке келіпті. Бұл жерде үлкен қиындықтар мен ұлттық қауіпсіздік комитеті тарапынан тексерулерді бастарынан өткізіп, ақыры колхозға ең ауыр деген жұмысқа орналасып, жандарын аман алып қалыпты. Жұбатан Жұмағали деген Орпа ауылдық кеңесінің төрағасы соғыс жылдары менің атам Ғабдоллаға үлкен көмек көрсеткен екен. Оны мен есейе келе артынан білдім. Бірде ол кісі інісі Абдырашты жалған жаламен Гурьевтің түрмесіне алып кеткеннен кейін Ғабдолла атамды жетім балалармен құлмын арасындағы иесіз қалған бір қыстауға көшірерде, айтыпты: «Сенің ініңді ұстатқан мына Мардаш сені де аямайды, одан да көз көрмейтін бір қыстауға көшіп ал», – депті. 1946 жылы бір қыстауда 5 жетім бала отырдық, Закаш Камалиденов – менің жиенім, бәріміз бірге тұрып, 5 ешкінің сүтін ішіп, аштан өлмеудің қамын жасадық.

Шахман Нағымұлы: – Қамза аға, сіздің ағаңыз Абдыраш адамның да, құдайдың да алдында зәредей кінасы болмаса да көрмеген қорлығы жоқ, ақыры сүйегі жер қиянда Қиыр Шығыста қалғанын біліп отырмыз. Ал сол кісіге жала жауып «итжеккенге» айдатқан адам өз кінасын мойындап, ең болмаса моральдық жазаға тартылды ма?

–Жоқ, жазаға тартылмақ түгіл, мұртын балта да кескен жоқ. Өзінің тұрған жерінде өз ажалынан ұзақ жасап, қайтыс болды. Керісінше, Абдыраштың жалғыз баласы Шияпқа «халық жауының ұлы» деген айдар тағылғанының кесірінен көрмеген қорлығы жоқ. Еш жерге оқуға қабылданбай, ақыры тек кәсіптік-техникалық училищені бітіруіне тура келді. Ақыры қоймай жүріп, 1968 жылы өзінің әкесі Абдырашты ақтап алды.

– Қамзеке, қайғылы болса да, өте мәнді әңгімеңізге көп көп рахмет!

Хабарландыру!!!

Құрметті Атырау облысы және қала тұрғындары!

XX ғасырдың 20-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша жұмыстар аясында «Халық жады» естелік кітаптарын дайындау үшін саяси қуғын-сүргінінен зардап шеккендер мен құрбандарымен, олардың ұрпақтарымен, осы оқиғалардың куәгерлерімен, 1920-1950 жылдары туған аға буын өкілдерімен, сондай-ақ, өлкетанушылармен, зерттеушілер мен мұрағаттар және мұражайлардың қызметкерлері, құқық қорғаушылар мен іздеушілермен сұхбаттасу және сауалнама жүргізу үшін мәліметтер іздейміз. Қандай да бір қауіпсіз болса, 87751503042 байланыс телефонына, E mail: tarih.alash_atyrauoffice@mail.ru электрондық почтасына хабарласуыңызға болады немесе Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде орналасқан (Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212) аталған комиссияның Жобалық кеңсесіне келулеріңіз сұралады. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссия

«ХАЛЕЛДІҢ МОЛ МҰРАСЫ»

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ - ҰЛЫ ХАЛЕЛ



Алты алаштың азаттығын аңсап кеткен Атырау өлкесінің ардақты азаматы - Халел Досмұхамедұлын бірі ғалым деп таныса, бірі дәрігер деп дөп түсері айдан анық. Бүгінгі тәуелсіз халқымыздың кешегі іргетасын қалаған «Алаш» партиясының күнбатыстағы жүрегі де - осы Халел. Абайын ұлы ақын, Қанышын тұңғыш геолог яки Шоқанын географияның шоқ жүлдызына теңеген ұлтымыздың ұландары артына адам сенгісіз мол мұра қалдырған кіші жүздің Халелін қалай ұлықтамақ?! Халел - ел ертеңіне еңбек еткен ел перзенті, Халел - қазақ ғылымының отын лаулатқан ғалым, тарихшы Һәм лингвист, Халел - дертке дауа тапқан дәрігер. Иә, мың ғасырда бір туар асыл бабамыз Халел Досмұхамедұлының еңбек дәнегін екпеген саласы кем де кем! Атасының емес, алаштың ұлы болған Досмұхамедұлының бар мұрасын бір кітапқа немесе бір фильмге сыйғызу мүмкін емес-ау.

1909 жылы Императорлық әскери-медицина академиясын жоғары дәрежеде аяқтаған Халел аймағының обадай айықпас ауруға душар болып жатқанына куә болады да, дертпен дамылсыз күресуді азаматтық борышы деп санайды. «Ердің екі сөйлегені - өлгені» демекші, дәрігер оба індетімен дамылсыз күреседі, халықты ара-лап, гигиена жайында үндеу жасайды, «Қырғыз (қазақ) халқының арасында обамен қалай күресуге болады» атты еңбек жазады. Өз ауылындағы Сорқуыстан дәрігерлік бекет салып, дертке шалдыққан тұрғындарды емдегені тағы бар. Аталмыш жер «Халелдің ставкасы» деп аталып кетсе керек. Бұл ставка жөнінде кітаптардан оқығанымнан бөлек, «Хабар» арнасының Халел Досмұхамедұлы жайлы түсірген «Ғасыр ғұламасы» атты деректі фильмінен көбірек біліп алғанымды алға тартпаса болмас. Себебі, біз кітаптан тек оқысақ, сапалы фильмнен атамыздың сирек суреттерін, жұмыс орнын көріп-біліп, ғалымның өмір жолына сапар шеге аламыз. Бірі білсе бірі білмес, халелтанушылардың пікірінше, Халел елін емдеу үшін Орал облысында Орал казак-әскерлерінің кіші дәрігері болып, жақсы жалақыға жұмыс жасап жүрген жерінен бас тартыпты-мыс. Өз басым ертеңі бұлыңғыр алмалы-төкпелі заманда тұрақты табыстан бас тартып, елге қызмет ету екінің бірінің қолынан келе бермес ерлік деп есептеймін. Осылайша, Халел өз мамандығы - медицина саласында айрықша еңбек етіп, осы бағытта жас ұрпаққа «Оқушы саулығын сақтау», «Адамның тән тіршілігі» секілді бірқатар еңбектерін тастап кетеді.

Халел - көкірек көкжиегі кең жан болған. Ол сол кезеңде ел саясатына да белсене кіріскен. «Алаш» партиясының күнбатыстағы тірегі 1917 жылы 1 Жалпықазақ съезіне Орал облысынан депутат боп сайланады.

Егемендік ертегіге айналған, Сол бір өткен ғасырда...

Тайсалмады Алашымның ұлдары.

Ояттам деп ұйықтап жатқан



халықты,

Шыр-пыр болды қазағымның жастары!

Батыс, шығыс, Оңтүстік пен солтүстік.

Жиналады зиялысы жан-жақтан. Жарқыраған сол бір сәтте Батыстан

Халел болды ақылынан от шашқан... (өз туындым) Сталин мен Ленинге елдің мұң-зарын қаймықпай жеткізгендігі туралы баяндалған деректер де аз емес. Жауапкершілігі мол дәрігерлік қызметпен қатар, қауіпке толы «саясат соғысында» жүрген ардақты атамызға қайран қалмау мүмкін емес. Бұл жөнінде ғаламтордағы сайттардан бөлек, деректі фильмдерде толық баяндалып кетеді. Халел атамыздың «Алаш» арыстарымен етене жақын араласып, біріге жұмыс жасағаны да айдан анық. Мағжан Жұмабаевтың

«Қайда екі дос? «Алла, хақ», - деп, Орал боп-бос... «Біз нахақ», - деп. Қайда олар? Жүр бұлар», - деп өз эпиграммасында Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтерді атап өтуі жайдан жай еместігін ескерген жөн. Халел өз атын медициналық еңбектерде ғана қалдырып кеткен жоқ. Бала кезінен жыр-дастанмен зейінін ашқан азамат Кіші жүз рулары туралы, сол жүзден шыққан Мұрат Мөңкеұлы, Исатай-Махамбет батырлар секілді «аңыз адамдарды» зерттеп, алғы сөз есебінде жазбалар қалдырған. Оның мұнысы сол кезеңде еленбей жүрген кіші жүздің кереметтерін тарихта қалдырғысы келгендігі деп тұжырымдаймын. Олай дейтін себебім де бар. Халел «Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет» атты еңбегінде «Орыстан құтылу үшін еткен Кіші жүздің қимылдары әлі тарихта жазылған жоқ, бұндай сөздің бәрі патша заманында құпияда еді» деп бастап, тарихтағы таңданысқа шоқ түсірер ащы шындықтарды баяндап кеткен еді.

Әмбебап ғалымның «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты еңбегін атамай кетсем, жөн болмас. Филология ғылымдарының докторы Зейнолла Қабдолов «Феномен» атты эссесінде «Бұл қазақ тілінің Конституциясы яки негізгі Заңы туралы зерттеу. Қазақ, ел болам десең тілінді сақта! Деген өсиет осы еңбектің әр қайырымынан таң самалындай тап-таза леппен есіп тұр» деп еңбекке айрықша баға береді. Халел Досмұхамедұлының эпостан хиссаға дейін моншақтай тізілген 46 түрлі жанрлық классификациясы, қазақ мәдениетінің қасиетті таңбасын өзге ұлтқа да қалдыру мақсатында орыс тілінде жазған «Казаская народная литература и ее содержание (Қазақ халық әдебиеті)» атты кітабы қазақтың сол бір ояну дәуірінде үкіметтің үстемдігінен қаймықпай, іргетасы енді қаланып

келе жатқан филология, этнография, әдебиет ғылымдарына қосқан зор үлесі емес пе?! «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесе - бұл сүйініш...» деп Халел Досмұхамедұлы өзі айтып кеткендей, атамыздың өз тілінен бөлек, неміс, орыс, латын және т.б. тілдерді жетік меңгергені тағы бар. Халел хакімнің осынша білімді санасына бекіте жүріп, халқына да оқудың отынан жылу сыйлап кеткені - ұлылық!

Бүгінгі біз, жас ұрпақ, XX ғасырдың әмбебап қайраткерінің «Аламан», «Исатай-Махамбет» сынды жинақтарын, «Таңдамалы ғылыми еңбектерін» және «Жан саулығы», «Тән саулығы», «Жануарлар» атты үш томдық кітабын Һәм өзге де еңбектерін озық жанның ұрпаққа арнап кеткен қымбат тартуындай қабылдап, қастерлеуіміз керек. Әлі күнге дейін Халел жайында мақалалар жазылып, кітаптар шығуда. Атамыздың өмірін зерттеген жан теңіздей терең ақпарат ағынына батып қалатын секілді ме дерсіз. Мәселен, Төлеген Жаңабайдың «Халқымен етене Халел хакім» атты кітабында студент Халелдің өжеттігі, аталас-ағайындары мен ғалымдардың пікірлері және өзге де қызықты деректер қамтылған. Халелін танығысы келген әр жанға таптырмас еңбектердің бірі десем, артық айтпағаным. Осы еңбегімде бұл кітаптан алған білімімнің бір үзегін енгізгенімді де алға тартамын. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген мақал тура осы Халел ғалымға арналғандай. Оның есімі елге жасаған игі істерімен де, ғылымға қосқан мол мұрасымен де «Алаш» аңсап кеткен азат елдің жүрегінде сақталып, санасында жатталуы тиіс. Бүгінгі таңда университетіміздің оқу бағдарламасына кірістірілген «Халелтану» пәнінің жастар сана-сында Халелдей әмбебап жанды жаңғыртуға қосар ықпалы зор!

Ояну дәуірінде ойлы әрекетімен, шексіз талантымен, мардымды мақсатымен тынымсыз еңбек еткен бабамыздай, жетіліп жатқан қанатымызды кең жайып, құлашымызға ғылым-білімді, әдебиет пен мәдениетті, тіл мен ділді, ал жүрегімізге егемен елдің жарқын болашағын сыйдыра аламыз ба?! Халел Досмұхамедұлының ағынды өмір өзенінде өткен өткелдері мен тәуелсіздік шыңына жетер жолдағы өр-белестерін танып-білу - бір міндет, ал сол әмбебап ғалымды үлгі тұтып, мұрасынан өмір кіршішін қалау - басты мақсатымыз болуы шарт! Алғайсыздар

Гүлнұр САПИДОЛЛАЕВА,
инновациялық білім беру факультеті, «бастауыш білім беру деңгейінің педагогы» мамандығының 1 курс студенті

ЭССЕ БАЙҚАУЫНАН

ХАЛЕЛ САЛҒАН САРА ЖОЛ

«Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, Артында өлмейтұғын із қалдырған»... Міне, бүгінде ұлтының амандығы мен қамын ойлап, өз артынан көптеген мұра қалдырған әмбебап ғалым Халел атамыздың туғанына 140 жыл толды. Қазақтың қиын қыстау кезеңінде елі үшін жан пида жандардың бірі осы Халел болатын. Қазіргі ұрпақтың қамы үшін барын салған зиялылар қаншама?! Менің ойымша қазіргі жастардың, үлгі алар адамдары осы өткеннің ғұлама патриоттары деп білемін. Жастар нағыз отансүйгіштік қасиетті осы Алаш мүшелерінің бойларынан көре алады. Өйткені олар осы шақтың, яғни тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне үлес қосқан ғалымдар. Мен үшін нағыз патриоттар өткен ғасыр ғұламалары болып табылады. Халел – қанша керемет жерде оқысада, қанша жағдайы жақсы болса да, ақ жолдан таймай, тек өз қазағының қамы үшін еңбек қылған зиялы.

XX ғасыр – қазақ халқы үшін аласапыран заманның бірі болды. Сол бір кезеңде неше түрлі қиындықты бастан кешіріп жатқан қазағымның үміті тек оқыған, білімді зиялы, халқының қамын ойлайтын, Отан десе жанын беруге әзір қазақ азаматтары болатын. Халел өз халқының азаттығы үшін көптеген еңбегін сіңірген ғалым. Ол кезеңде көзі ашық, көкірегі ояу білімді адамдар еліміздің тірегі болып тұрды. Ең бастысы, қазақ зиялысы Халелдің бойында өз туған жеріне, халқына деген патриоттық сезімнің болуы. Тек Халел ғана емес, Алаш партиясының мүшелерінде осындай бір отансүйгіштік қасиеттің болуы бәрімізге

мәлім деп ойлаймын.

Ахмет Байтұрсынов атамыз «қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деп бекер айтпаған. Сол аласапыран кезеңде қазақ ұлтының тәуелсіздігі үшін күреске шығып, өз ойларын алға тартқысы келген жандарды аяусыз қыспаққа алды. Халел Петербург қаласын өзін әр салада жеткілікті дамытып, білімі мен уақытын тиімді қолдана білді. Сондай-ақ, ол өзінің саяси сауатын ашып, өз мүмкіндіктерін жаңғырта білді. Ол студент шағында түрлі үйірмелерге қатысып, көптеген партия бағдарламаларымен таныса білді. Әрине, ол осындай қабылдаған шешімдері арқылы, өз елі үшін бірқатар жауапкершілікті де сезіне білді деген ойдамын. Өйткені, бұл сол кездегі жасөспірім бала үшін үлкен жауапкершілік болды.

Әрине, Халелдің жасөспірім кезіндегі сіңірген еңбектеріне, қазіргі қазақ жастарының жетугі екіталай деп ойлаймын. Себебі, қазіргі заманда білім мен өнерге әр жасөспірімнің қажеттілігі болғанымен, олардың бойында Халелдің бойындағыдай патриоттық сезім немесе білімге деген құштарлық аз деп айта аламын. Ол кезде қазақ зиялыларының мақсаты – ұлан-байтақ жерін өз елінің болашағы үшін сақтап қалу болатын. Әрине, орыс билігінің қол астындағы қазақ үшін бұл мақсат орындалмас арман мен жеткізбейтін қиял болып көрінген шығар. Алайда қазақ ғалымдары орыстардың қыспағынан оңай беріле қойған жоқ және берілмеді де. 1913 жылғы «Халелдің ставкасы»



өз туған жеріндегі науқастар үшін үлкен бір көмек болды. 1918 жылы Алашорда атынан Халел мен Жағанша Досмұхамедовтер үлкен батылдықыпен елім, жерім деп Ленин мен Сталиннің алдына барады. Халқының болашағын ойлаған екі зиялының мақсаты келіссөз жүргізу болатын. Бұл Кеңес үкіметі мен Алашорда үкіметінің алғашқы ресми кездесуі болады. Осындай батылдықыпен сол кездегі орыстың аяусыз қанына барудың өзі ерлік деп санаймын.

... Халел есімі қазақ тарихында алтын әріптермен жазылды. Ғалымның өз еліне қалдырған аса құнды шығармалары

мен мақала, деректері қазағымның мәңгілік мұрасы болып қалады деген үміттемін. Қазіргі шақта да Халелдің медициналық жазбалары жоғары оқу орындарында қолданысқа ие. Осындай қазақтың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен ата-бабаларымның болғанына қуанамын.

Алтынай МЫРЗАҒАЛИ,
гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті тарих пәнінің мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы мамандығы 1 курс студенті


ОЛ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ЖИНАҚТАП КЕТТІ

Әлемде бұлжымас бір ақиқат бар. Ол – барша адамзат үшін азаттық пен дамудың алтын дәуірі болып есептелген XX ғасырды қазақ елінің бодандықтың бұғауында қарсы алуы. Осындай аласапыран заманда халықтың сенгені – ұлтының көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған азаматтары ғана болатын, әрі қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған да сол алаш қозғалысының қайраткерлері еді. Дәл сондай алаштың айбынды ұлдарының бірі, әрі бірегейі, ғасыр ғұламасы – Халел Досмұхамедов еді. Халелдің Петербурдағы студенттік шағы империяның саяси толқуларға толы кезеңімен тұспа тұс келді. Бұл жағдай болашақ күрескердің сауатын ашып, өз ұстанымын қалыптастыруға зор ықпал етеді.

Халелдің санаулы ғұмырының сәулелі сәті болған Ташкенттегі қас қағым кезеңі – ол үшін жемісті жылдарының бірі еді. Ғұмыры ат үстінде өткен күрескер Халелден әмбебап дара Халелге айналған уақыты болатын. Себебі, көптеген тілді меңгерген Халел Досмұхамедов – Еуропа ғалымдарының еңбектері мен үлгісіне сүйене отырып, медицина ғылымындағы төл терминдерді қазақшалаңдырып, жаңа әрі сапалы оқулықтарды дүниеге әкелген болатын. Халел атамыздың шеберлігін аса жоғары бағалаған жазушы Әбіш Кекілбаев «Халел Досмұхамедов – табиғи дарынын біліммен толықтырып, ана тілімен қоса латын, араб, түрік, парсы, орыс, неміс және француз тілдерін қажетті дәрежеде меңгеріп, еркін сөйлеп, еркін жаза білген. Соның нәтижесінде алдына жан салмас ғажайып лингвист, фольклорист, тарихшы-этнограф, көркем аудармашы да болған. Көл-көсір білімнің арқасында ол биология, зоология, медицина салаларымен қоса саясатта да қажырлы еңбек еткен ғалым», – деп пікір білдірген болатын.

...Ақ Жайық шалқыған жырдың, төгілген күйдің, толқыған ойдың өлкесі. Махамбет, Мұрат сынды от ауызды, орақ тілді ақын-жыраулардың сөз кестесімен сусындап, Ығылмандай жүйріктің көзін көрген Халел ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін жинап, насихаттаған. Мұрат Мөңкеұлы, «Шернияз шешен», «Ығылман жырау», «Қарасай-Қазы», «Қыз Жібек», «Кенесары-Наурызбай», «Исатай-Махамбет», сонау қиын-қыстау зұлаMAT кезеңде осылардың бәрін хатқа түсіріп, тасқа бастыру ерлік емес пе? Халел халық ауыз әдебиетін, тарихын келешек ұрпаққа, яғни бізге осындай тың туындыларымен жеткізіп кеткен.

Ол қазақ әдебиеті мен тарихына үлес қоса отырып, фольклорына да ерекше көңіл бөлген. Оның фольклортану саласындағы еңбектерінің ішінде оқшау тұратыны 1928 жылы жазылған «Қазақ халық әдебиеті» очеркі деп аталады. Бұл еңбегінде Халел ауыз әдебиетінің түрлерін жіктеуді мақсат еткен. Халық әдебиетінің мазмұны туралы айтқанда



шідехана, бесік жырларының тәрбиелік мәніне тоқтала келіп: «Қазақ баласының шыр етіп жерге түскеннен бастап кәмететке толғанға дейінгі тыныс-тіршілігі ән-жырдың құшағында өтеді», – деген болатын.

Халел, сонымен қатар, қазақтан шыққан алғашқы түркітанушылардың бірі. 1923 жылы «Шолпан» журналының 7-санында «Диуани лұғат ат-түрік» атты мақала жариялаған. Осы мақаласында қазақ қоғамын алғаш рет Махмұд Қашғари дүниеге әкелген түркі сөздігімен таныстырып, оның тіл, тарих салаларындағы орнын шегелеп көрсеткен еді.

Қорытындылай келе, осынау қазақ деген ұлы халықтың маңдайына біткен алып тұлға, даналығымен қоса жүйрік ойын қазақ ғылымының мол мұрасына арнаған Халел Досмұхамедұлының ел, жұртына қалдырған әдеби және мәдени мұралары өте көп болатын. Жүрегі «ұлттым» деп соққан алаш зиялысының шығармашылық мұраларының қырсырын талдау әлі талай ғылыми зерттеуді талап етіп, көптеген ғылыми жұмыстарға жүк болары анық.

Ақтілек ХАЛИМУЛЛАЕВА,
гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті тарих пәнінің мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы мамандығы 3 курс студенті



АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ - ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ



Бүгінгі таңда академиялық ұтқырлық университеттің интернационалдандыру саясатының дамуына, ондағы интеграциялық процестерге айтарлықтай әсер ететін сөзсіз құбылыс ретінде қарастырылады.

Болон декларациясында академиялық ұтқырлық бірыңғай еуропалық білім беру кеңістігін қалыптастырудың маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылады, оның мақсаты еңбек нарығында қазіргі заманғы кәсіби біліктілік талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету.

Мемлекетіміздің қолдауымен Қазақстан еуропалық білім беру кеңістігіне кіргелі, отандық жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларының академиялық ұтқырлығы белсенді түрде дами бастады.

Академиялық ұтқырлық - білім беруді интернационалдандырумен, маңызды белгілері мен сипаттамалары бойынша білім беру қызметі субъектісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ететін маманның мәдениетаралық және кәсіби құзыреттілігін дамытудың құралы.

Академиялық ұтқырлықтың басты мақсаты - халықаралық стандарттарға сәйкес қазақстандық жоғары білімнің сапасын қамтамасыз ету, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Осы мақсатта Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда. Университетіміздің халықаралық бөлімінің жұмысының нәтижесі деп білемін соңғы кездері университетімізге сырттан шақырылған профессор ғалымдардың көптеп келумен қатар, өзіміздің профессор- оқытушылар құрамы да академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетел асып шығуда.

Сондай-ақ университетімізде түркі тілдес мемлекеттердің одағына мүше университеттердің арасында «Орхун» академиялық ұтқырлық бағдарламасы орындалады. Қазақстаннан бұл мүшелікке санаулы жоғары оқу орындарының ішінде біздің Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің болуы - біз үшін мақтанш.

Жылда университетіміздің студенттері мен

оқытушылары осы конкурса қатысады. Сол конкурстан өткендер Түркия, Венгрия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан елдеріндегі университеттерде академиялық ұтқырлық бағдарламасымен тәжірибе алмасады.

Биылғы оқу жылында психология және педагогика кафедрасында академиялық ұтқырлық бағдарламасы қарқынды жүзеге асырылуда.

Осы оқу жылының күзгі семестрінде кафедраның аға оқытушысы, магистр Ш.Н.Бисенова мен К.О.Казиев Өзбекстан Республикасы Коканд университетінде болып психология мамандығын даярлайтын кафедра профессор оқытушылар құрамымен танысып тәжірибе алмасып келдік. Сонымен қатар Муками атындағы Коканд педагогикалық институтында болып оқу үрдісімен таныстым. Сондай-ақ Өзбекстан Республикасы Коканд университетінен «Орхун» академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті психология және педагогика кафедрасына п.ғ.к. М.Гайниева, профессор А.А.Исламов келіп студенттер мен магистранттарға дәріс-семинар сабақтарын жүргізді.

Кафедра профессоры п.ғ.к. С.Қ.Нұрмұқашева Алматы қаласы Каспий қоғамдық университетінің психология кафедрасына, аға оқытушы Ж.С.Бекжанова Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің педагогика кафедрасына академиялық ұтқырлық бағдарламасымен жіберіліп студенттерге дәріс-семинар сабақтарын, кафедра профессор-оқытушылар құрамымен шеберлік сабақтарын жүргізіп тәжірибе алмасса, аталмыш профессор-оқытушылардың орнына Алматы қаласынан Каспий қоғамдық университетінің психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры PhD, Т.М.Есимғалиева келіп студенттерге «Заң психологиясы» пәнінен, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің педагогика кафедрасының профессоры п.ғ.к., З.Т.Көкшеева «Логопедия негіздері», «Педагогикалық психология» пәндерінен, профессор п.ғ.к., З.Т.Айджанова «Отбасы психологиясы», «Тәрбие жұмысының әдістемесі» пәндерінен студенттерге, магистранттарға дәріс-

семинар сабақтарын жүргізді.

М.Оспанов атындағы БҚМУ-нің басшылығының ұсынысымен екі жоғары оқу орынының арасындағы ынтымақтастыққа байланысты психология кафедрасына академиялық ұтқырлықпен барып жалпы медицина мамандығында оқитын студенттерге психология пәнінен дәріс оқысам, Қ.Жұбанов атындағы АӨУ мен М.Оспанов атындағы БҚМУ арасындағы бірлесе жасақталған «Клиникалық психология» білім бағдарламасында оқитын білім алушыларға дәріс-семинар сабақтарын жүргіздім. Аталмыш білім бағдарламасы арқылы денсаулық сақтау саласына арнайы психолог мамандары даярлануда. Медицина ғылымы тәнді емдесе, психология ғылымы жанды емдейді. Ендеше қазақ халқымыз «жаны сауудың тәні сау» деп бекер айтпаған шынымен де жаны таза жақсы адам болса әрине адамның ішкі тәні де сау болады. Өйткені, З.Фрейдтің өзі сегіз жыл медицина саласында оқып, үш жыл ауруханада жұмыс жасап, атақты невропатолог бола тұра медицинаны тастап психологияға келген. Себебі неде деп ойлайсыз? Психологияға келіп



психоанализ теориясының негізін қалаған. Еркін ассоциациялау әдісімен жұмыс жасаған.

Сонымен қатар академиялық алмасу үшін психология және педагогика кафедраларымызға М.Оспанов атындағы БҚМУнің психология кафедрасының аға оқытушысы, магистр Г.Ө.Бекешова келіп студенттерге «Психологиялық кеңес беру», «Отбасы психологиясы» пәндерінен дәріс оқыды.

Академиялық ұтқырлық барысында оқу үрдісін бақылау, құжаттармен танысу, әріптестермен тәжірибе алмасу біз үшін оң нәтижесін берді.

Академиялық ұтқырлықтың артықшылығы білім беру үдерісін ұйымдастырудың сапасын жоғарылату, педагогикалық тәжірибе алмасу, ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру, кәсіби, мәдени және басқару жүйесін жетілдіруге, ішкі интеграциялық байланыстарды орнату болып табылады. Осы жолда оқытушылардың академиялық ұтқырлығы өз ортаңнан өзге ортаға түсу, өз потенциалынды білу, өзіне шектеу қоймау, өзіндік даму, өзіне сенімділікті нығайту, өзіндік басқару, өзіндік бағаны жоғарылату секілді заманауи педагогтың кәсіби қалыптасуының құралы ретінде маңызды.

**Карас КАЗИЕВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің психология және
педагогика кафедрасының меңгерушісі
қауымдастырылған профессор м.а., PhD**

АРХИВ - ТАРИХ ҚАЗЫНАСЫ

Атырау облысы мемлекеттік архивінде «Архив және болашақ ұрпақ» республикалық жобасы аясында «Архив - өлке тарихының дерегі сақталатын орын» атты тақырыптық сабақ өтті. Аталған сабаққа Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің магистранттары, гуманитарлық ғылым және өнер факультетінің «тарихшы-зерттеуші» мамандығының 1 курс студенттері қатысты.

Шараның мақсаты - отансүйгіштікке, өлке және елдің тарихынан тарихи сананы қалыптастыру арқылы олардың тұлға болып қалыптасуына, сондай-ақ Атырау өлкесіндегі табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және өлкемізде дүниеге келген, елдің дамуына үлес қосқан мемлекет және еңбек қайраткерлері туралы насихаттау, олардың білімдерін кеңейту болып табылады.

Атырау облысы мемлекеттік архиві басшысы Қайрат Қуанышев алдағы уақытта облыстық архив ғимаратының құрылысы жоспарда бар екенін айтты.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Мәңгілік Ел» Ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Аққали Ахмет архивтік материалдарды пайдалану арқылы өлке тарихын зерттеу жауапты миссия екенін және ата-бабаларымыздың ерлік істерін саралау тұрғысынан сөз сөйледі. Ол халықаралық талапқа сәйкес архив құжаттарының 40 жылдан кейін жария етілсе, кейбір құжаттардан (соның ішінде қуғын-сүргінге қатысты) құпиялылық әлі күнге дейін алынбағанын тілге тиек етті.

Архивтің тұрақты зерттеушісі, еңбек ардагері Сатқали Әуелбаев ақсақал жиналғандарға өлке тарихын зерттеудің тың деректерімен бөлісіп, пікір білдірді. Бөлім басшысы Раиса Тастемірова «Өңір тарихының ұрпақ үшін маңызы» атты баяндаманы айтса, белгілі журналист Тұрсын Қалимова студенттерді білім алу жолында ізденуге шақырды.

Шара барысында студенттерге викторина ұйымдастырылды. Оларға облыс



тарихы жөнінде сұрақтар беріліп, жауап бергендерге арнайы сый-сияпат табыс етілді. Сабақ соңында қатысушыларға «Архив-2025» бағдарламасы аясында шығарылған «1920-23 жж. Гурьев уезі

зиялылары өкілдері» атты анықтамалық кітабы үлестірілді.

**Санжар САБАЗ,
гуманитарлық ғылымдар және
өнер факультетінің 1 курс студенті**

«УНИВЕРДЕН «ЖАЙДАРМАН» ҚҰРАМАСЫН АШҚЫМ КЕЛЕДІ»

Биылғы ақпан айының 13-17 күндері 9-11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі өтті. Атырау университетінің базасында өткен білім додасында қатысушылар тапсырмаларды «El Umiti» цифрлық онлайн платформасы арқылы орындады. Алты күнге созылған олимпиадаға барлығы 700-ге жуық оқушы қатысып, оның 200-ден астамы жүлделі орындарға ие болды. Жарысқа қатысушылар жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағытта бақ сынасты. Облыстық білім бәйгесінен үздік деп танылған 67 оқушы республикалық пәндік олимпиадаға жолдама алса, жүлделі I орын алған 48 қатысушының 13-іне Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті грант тағайындады.

Бүгін университет грантын жеңіп алған Жұбан Молдағалиев атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушысы Саят Тілеміс өз ойымен бөлісті.



«Мен Жұбан Молдағалиев атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-

интернатының атынан қоғамдық-гуманитарлық бағытында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңіне қатыстым. Өзім мұндай жобаға биыл бірінші рет қатыстым. Облыстан жиналған кіл мықтылардың сайысында берілетін сұрақтардың өзі жеңіл болған жоқ. Бұдан бөлек, олимпиаданың комфорттық жағдайда өткендігін атап өтер едім.

Сайыс әдеттегідей екі кезең бойынша өтті. Алғашқы турда эссе жаздырып, сөз саптауымызды бағаласа, екінші турда миымызда жиналған білімге, теориялық тынысымызға мән берді. Екінші тур қиынырақ болғандығын мойындаймын, десе де нәтиже көрсеткендей, бірінші орын маған бұйырыпты. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің грантын ұтқанымға өте қуаныштымын. Болашақта осы университетте білімді жетілдіріп, «Жайдарман» құрамасын ашып, оқу орнының атағын Қазақстанға танытқым келеді.

«ЕНДІ ҰБТ-ДАН ЖОҒАРЫ ҰПАЙ ЖИНАҒЫМЫЗ КЕЛЕДІ»

Наурыз айында 10-11 сынып оқушыларына арналған «V Алтын түлек» математикалық олимпиадасы өтті. Жоғары сынып оқушыларын ғылымға баулу және педагогикалық, инженерлік-техникалық мамандықтарға қызығушылықтарын ояту мақсат еткен олимпиадаға республикамыздың 15 өңірінен барлығы 1875 оқушы қатысып, бақ сынасты. Жоғары оқу орындары олимпиаданы университет базасында өткізуімен қатар, педагогикалық және техникалық мамандықтарға грант бөлді. Мектеп оқушыларының арасынан математика пәні бойынша ерекше қабілетті балаларды анықтап, оларға үлкен мүмкіндік беретін білім бәйгесінен Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті де қалыс қалмады. Университет Атырау қаласының мектептерінен қатысып, үздіктер қатарынан табылған білімгерлерге білім грантын табыстады. Солардың қатарынан табылған оқушылардан өз жетістіктерімен бөлісуін

сұраған едік.

Құмар Диас, IT мектеп-лицейінің



11 сынып оқушысы: Мен IT мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысымын. Биылғы «V Алтын түлек» математикалық олимпиадасы өте тартысты өтті. Берілген тапсырмалар күрделі болса да, арасында қызықты есептерде кездесті. Сол себепті маған қатты қиындық келтірді деп айта алмаймын. Жарыста екі кезең болды. Алғашқы турдың тапсырмаларын тез әрі дұрыс орындадым. Екінші кезеңде аздап уақыт жетпей қалды. Бірақ, өзім ойлағандай барлығына дұрыс жауап беріп, 65 балл жинадым. Осы олимпиадаға қатысып, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің білім грантын ұтып алғаным өте ризамын. Мен үшін бұл үлкен қуаныш. Десе де, алдағы мақсатым – ҰБТ-дан жоғарғы ұпай жинап, өз білімді тағы да шыңдай түсу.

Руслан Дильназ, М.Әуезов атындағы N7 мектептің 11 сынып оқушысы: «Алтын түлек-2023» олимпиадасының 11-сынып оқушылары арасындағы

жеңімпаздар үшін 57 білім грантының берілетіні, оның 2-і шетелдік жоғары оқу орындарына тиесілі екендігі биылғы жылдың бір ерекшелігі дер едім. Өйткені, осындай олимпиадалар көп оқушыларды ынталандырады, олардың жақсы білім алуына мотивация береді. Жарыс екі кезең бойынша, онлайн және офлайн форматта өтті. Алғашқы кезеңде логикалық есептер берілді және ол тапсырмаларды орындау маған



қиынға соқпады. Ал, шешуші кезеңде барлығы 20 есеп берілді. Оффлайн кезең Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің факультеттермен жақын таныс болдық. Атырау университетінің білім грантының иегері атанғанымға қуаныштымын. Алдағы уақытта грант ұттым деп дайындықты бәсеңдетпей, ҰБТ-дан жоғары балл жинауға әрекет ету жоспарымда бар.

Дайындаған Бақтылы БЕРЕНИЗОВА

ШӘКІРТ ЖЕТІСТІГІ - ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

Қазіргі кезде мақсат қойып жетістікке жеткісі келетін шәкірттеріміздің арасында креативті студенттер жетерлік. Бағыт-бағдар берсең, әрі қарай өздері түсініп алып кетіп жатады. Осындай шәкірттеріміздің бірі – педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті Мырзабек Нұрай.

Мырзабек Нұрай киелі Түркістан облысы Ордабасы ауданы, Бадам ауылдық округі, Ордабасы ауылында туып өскен. 2018 жылы мұнайлы өлке Атырау облысына батыс өңірінің қара шаңырағы аталған Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне «Мәңгілік ел жастары-индустрияға, Серпін 2050» бағдарламасы бойынша «Педагогика және психология» мамандығының білім грант негізінде оқуға түскен. Университет қабырғасында оқып жүріп, түрлі аймақтық, республикалық, облыстық конференциялар мен олимпиадаларға қатысып келеді. Кітапқа деген қызығушылығының арқасында республикалық «Дария» дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен кітап бәйгесінің 2019 жылы «Үздік оқырман» Алғыс хат иегері, сондай-ақ, осы университеттің ұйымдастыруымен «Ұстаздық – ұлы қызмет» атты білімділік тәрбиелік жөнінде өтілген семинар бойынша университет ректорының Алғыс хатымен марапатталды. 2020 жылы Х.Досмұхамедов атындағы біздің кафедралық ұйымдастырған Абайдың 175 жылдық мерейтойына байланысты «Абайдың педагогикалық-психологиялық ой-пікірлері» атты студенттер арасындағы эссе байқауының 1-дәрежелі диплом иегері атанды.

«ZIAT» Ғылыми – әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Ғылым шарайнасы» атты XIII республикалық колледж және ЖОО студенттерінің ғылыми – зерттеу жұмыстары сайысында 1 дәрежелі дипломмен, Баишев университеті базасында университеттің 25 жылдығына, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, А.Жұбановтың 115 жылдығына және Қазақстан Ғылым қызметкерлері күніне арналған ғылым декадасы және «Білім және ғылым: қазіргі заман көзқарасы» атты жас ғалымдар мен студенттердің VI халықаралық онлайн ғылыми – практикалық конференциясы аясында өткен психология мамандығы бойынша III аймақтық студенттік олимпиадасының I – дәрежелі диплом иегері, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ұйымдастыруымен педагогика және психология мамандығы бойынша XIII республикалық пәндік олимпиадасының Алғыс хатымен, «Жыл таңдауы-2020» атты психологиялық ғылыммен тәжірибедегі жетістіктердің IV аймақтық



байқауында «Студенттердің үздік зерттеу жұмысы – 2020» номинациясы бойынша III – дәрежелі диплом иегері атанды. Жеткен жетістіктері Мырзабек Нұрайдың өз мамандығына деген қызығушылығының жоғары екенін байқатады.

Елімізде карантиндік шектеу шаралары, онлайн оқыту режиміне көшкенде менің ойыма әлеуметтік желіге психология кафедрасының парақшасын ашып елге психологиялық қолдау көрсетумен қатар кафедра профессор-оқытушылар құрамының жүргізген жұмыстарын іс-тәжірибеде тарату келді. Осы жолда әлеуметтік желіден парақша ашып, әрі қарай жүргізіп отыруда қасым көмекші ретінде Мырзабек Нұрайға тапсырдым. Өйткені, студенттің қабілетін байқадым. Осы кезге дейін кафедра тарапынан жасалған жұмыстарды менің бағыт бағдарымен бойынша әрлеп әлеуметтік желіге жүктеп келеді. Бұл оңай жұмыс емес. Өз кезегінде Нұрайдың кез-келген істі аса



жауапкершілікпен атқаратынын білдіреді.

Бүгінде Мырзабек Нұрай – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай өткізілген «ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІСІ-ҮЗДІК КӨШБАСШЫ -2021» атты «Bilim-Orkeniet» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған республикалық жоба бойынша I дәрежелі диплом мен қатар арнайы төс белгі иегері атанды. Бұл өз кезегінде Мырзабек Нұрайдың алғырлығы мен табандылығының, мәдениеттілігі мен жауапкершілігінің аса жоғары деңгейде екенін байқатады. Адамгершіліктің қыр-сырын терең меңгерген Мырзабек Нұрайға алдағы уақытта да жеңісті де жемісті күндер тілеймін.

Карас КАЗИЕВ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі қауымдастырылған профессор м.а., PhD

ЛУЧШЕЕ ВРЕМЯ

У многих людей это время года ассоциируется с молодостью, любовью и надеждами. Я очень люблю весну, потому что в это время года природа просыпается от зимнего сна, она ещё робка и невинна, как маленький ребёнок

В некоторых местах по дорожкам нельзя пройти: они все в лужицах и ручейках. Но уже скоро тропинки подсохнут и можно будет нагуляться в лесу вдоволь! Весенний свежий воздух пьянит голову. Пахнет талым снегом, прелыми листьями и ещё чем-то неуловимым, но знакомым и приятным.

Могу часами наблюдать, как пробивается трава сквозь заспанную землю. Могу часами

любоваться, как настойчиво и медленно распускаются почки на деревьях. И конечно, можно бесконечно слушать, как прекрасно поют птички, приветствуя возрождение природы. Воздух, когда-то холодный и молчаливый, наполняется жизнью и свежестью. Такое возможно только весной!

Весенняя атмосфера не сравнится ни с какой другой. Люди, животные, птицы — все радуется теплу и солнцу. Именно весной хочется начинать новые дела и заниматься творчеством. Вот поэтому я люблю и всегда жду весну!

Жанат КАРАГОЖИЕВА,
студентка кафедры журналистики
3 курс



НЕГЕ БӘРІ УАҚЫТША?

Неге бәрі уақытша?
Басқа келген бақыт та,
Байлық, гаухар, жақұт та.
Түсініксіз дүние,
Уақытша ғой уақыт та..
Кеше айтқан кеңестер,
Бүгін жеткен белестер,
Қайда кетіп барамыз,
Сонда бәрі елес пе?..
Өліп-өшіп сүйгенің,
Көріп өсіп түйгенің,
Бәрі өшсе егерде,
Бұны қалай сый дедің?
Өмірді сый дегендер,
Мынау жынды демеңдер
Тіпті кетті түсінбей,
Философтар кеңестер...
Сұрағым көп менде тым,
Сұлу болған келбетім,
Қалдыра ма бір күні,
Жұмбағы көп жер бетім..
Ал не болар жаным?
Кетер бәлкім жарыла,
Өлгеннен соң егерде,
Қосылмаса жарына.
Айта берсең тағы да,
Сұрасаң да табына,
Сұрақтарға жауабы
Келер емес табыла
Қызық екен ғұмырдың,
Қарасымен ағы да..
Түсініксіз өмірдің
Арғы бергі жағы да.
"Неге бәрі уақытша?"..
Деп отырып тағы да,
Атты міне таңы да,
Ертең енді көрермін,
Не жазғанын бағыма
Ырысжан Құмарғали, 1 курс студенті

ДЕРЕВНЯ ДУРАКОВ

Далеко в горах располагалась деревня, жители которой могли общаться с обликами времен года. От этих жителей зависело, какой же будет Зима, Весна, Лето и Осень. Они приносили дары и исполняли всякие прихоти времен года, что имело огромное влияние на все близлежащие места.

Зима прошла довольно холодно, не смогли задобрить жители строго царя холода, но вот постепенно на улице теплеет, все расцветает, скоро будут сборы урожая. Пришла к жителям красивая молодая женщина – Весна.

– Прошел уже месяц, а вы все такие же ленивые – она устала вздохнула – С вами скучно, поэтому долго думая, я все же нашла решение. Первого апреля, у вас всех будет возможность рассмешить меня. Тот, кто сможет это сделать получит от меня подарок.

Жителям очень понравилась такая перспектива, все начали готовиться. На улицах развесили украшения, приготовили много разнообразных блюд. Первого апреля устроили конкурс на самую смешную шутку. В качестве жюри была Весна.

Рассмешить ее оказалось не простой задачей, с которой никто не смог справиться. Как только жители не старались, все никак не смеялась Весна. Даже улыбку получить у них не удавалось. Пока в один момент неожиданным образом не стало холодать. На сцену вышла царь Зимы, пожилой мужчина громким басом обратился к жителям – Ну, раз уж вы с такой простой задачей не справились, видимо мне придется остаться место Весны. Не заслужили вы тепла, но ничего, мороз научит вас уму разуму!

Жители перепугались, стало очень-очень холодно, пошел снег, а солнце загорделиво мрачные тучи. Холодный ветер стал сдувать с деревьев, только что проросшие листочки. Тут раздался смех женщины – Что ж ты так людей пугаешь то? – Весна встала, хлопнула в ладоши и во-



круг снова стало тепло – только посмотри на их лица, что же ты тут устроил Зима?

– Зато, ты засмеялась – Мужчина спустился вниз с доброй улыбкой – Где же мой подарок?

Люди успокоились, когда поняли, что над ними подшутили и стали весело смеяться вместе с Весной. Женщина наколдовала ему букет цветов – За такой хо-

роший день, так уж и быть, урочая вам ждать большого и погоды теплой. Но за то, что вы не справились с моей задачей на оставшийся день будете дураками!

Алена СОЛОДОВНИКОВА,
студентка кафедры журналистики
3 курс

«1 АПРЕЛЯ! НИКОМУ НЕ ВЕРЮ!»



Как мы все знаем, первого апреля отмечается всеми любимым праздником “День смеха” или данный праздник носит еще одно известное название “День дураков”. Этот день не является официальным праздником. Он не внесен ни в какие календари праздничных дат. Однако его можно отнести к международному празднику, поскольку обычай шутить, веселиться и обманывать друг друга первого апреля существует во многих странах.

Существует множество версий происхождения этого праздника. Кто то считает, что данный праздник зародился в Древнем Риме, где в середине февраля праздновался праздник Глупых. Другие же утверждают, что первое апреля зародился еще в Древней Индии, где в конце месяца марта отмечали праздник шуток. А также есть еще одно предположение, что первого апреля в древние времена шутили только ирландцы, но и то в честь Нового Года. Таким образом, люди старались задобрить весенние капризы природы шутками и розыгрышами.

Во многих странах мира празднуется 1 апреля. Этот праздник носит множество названий.

Например, в Шотландии 1 апреля называют Днем Кукушки (April Gowk Day) и отмечают его в течение двух дней. Каждый день имеет свое название. Обманутого человека первого апреля называют «разиней». Во второй день, который носит названия – День хвоста (Taily Day), принято все шуточки и розыгрыши посвящать исключительно хвосту. В Англии шуточки и розыгрыши приняты только в первой половине дня, так как у них есть поверье, что потеряешь удачу, если разыграешь кого-то после полуденного времени. В Германии этот день считается несчастливым днем. Народ Германии верит, что родившийся 1 апреля ребенок будет невезучим. В этот день люди не работают, не начинают новых дел и даже не выпускают скот из стойл.

В Португалии День смеха проходит либо в воскресенье, либо в понедельник перед Великим постом. И в этот день люди бросаются мукой в друг в друга.

Во Франции жертвами шуток и насмешек, называют «Апрельской рыбой». И одной из распространенных шуток является приклеивание к спине человека бумажной рыбы.

В Индии этот праздник отмечается 31 марта. В данный день не только шутят, но и мажут красками, бросаются специями, прыгают через костер и празднуют приход весны. Праздник носит название «Holi Festival».

В Одессе первое апреля считается официальным праздником. Ежегодно проводится фестиваль под названием «Юморина». И в этот день принято говорить всеми известные нами слова – «1 апреля! Никому не верю!».

Этот праздник стал широко известен и популярен. Традиции празднования «Дня смеха» в разных странах соответствуют традициям и культурным ценностям каждого народа. Однако у всех у них есть объединяющее одно целое – встречать праздник смехом, шутками и яркими эмоциями.

Саида ЖИЛКИШИЕВА,
Студентка 2 курса кафедры журналистики
Атырауского университета
имени Халела Досмухамедова



СТУДЕНЧЕСКИЙ ФОРУМ

Недавно мне довелось побывать на Республиканском форуме студентов, который проходил в нашем университете имени Халела Досмухамедова. Форум был масштабным и интересным. Приезжие студенты смогли обменяться опытом, завести новые полезные знакомства, и получили возможность встретиться с Министром науки и высшего образования РК Саясатом Нурбеком, который также посетил этот форум.

Его открытие началось с музыкального представления, которое длилось пару часов. Я, как и слушатели, был впечатлён звуком музыки, которая заполняла весь спортивный комплекс. Во время концерта заметил, как выступающие на сцене взаимодействовали со зрителями, чтобы «разогреть» их перед тренингами.

После завершения музыкального концерта начался основной этап форума – проведение тренингов. Первый семинар был «Развитие политического лидерства молодежи». Оратором на тренинге была обладательница Ордена «Құрмет», советник по делам молодежи Министра науки и высшего образования РК Айсулу Ер尼亚зова.

Тренинг проходил в форме интерактивной беседы, слушатели задавали много вопросов, так как были заинтересованы темой. В рамках беседы участники получали ответы, направленные на развитие навыков лидерства и управления.

Айсулу Ер尼亚зова отметила, что моло-

дые люди играют важную роль в создании будущего нашей страны, и развитие лидерских качеств среди молодежи имеет особое значение.

Во время тренинга местные активисты подарили спикеру букет цветов и выступили с музыкальным представлением, что оказалось сюрпризом для всех присутствующих. Это был наглядный пример активистского движения и организованности.

После небольшого перерыва была проведена встреча с Динарой Болат, известной путешественницей, мотиватором и психологом. Также был проведён мастер-класс по стрельбе из лука, который проводил председатель и главный тренер Федерации традиционной стрельбы из лука «БАТУ ХАН» Маратом Бексулатновичем.

На следующий день мы провели встречу журналистом, политологом, медиаменеджером и автором программы «Сөзің өтімді болсын» – Айкерим Есенали.

Айкерим Есенали во время встречи со студентами поделилась захватывающими воспоминаниями о творческом пути, а также рассказала о своём опыте журналиста, о том, как формировать уверенность среди молодежи, умения работать с аудиторией и о том, что главное – создать сильного человека, не потеряв при этом знания и человеческих способностей. Встреча с таким опытным журналистом может стать для студента



ценным опытом. Она дает возможность задать вопросы, узнать о тонкостях профессии, увидеть ее изнутри и получить ценные советы, которые помогут лучше понимать, как работать в этой области. После этой встречи форум официально подошёл к концу. Для меня и всех побывавших на республиканском форуме студентов это был огромный опыт, который останется на всю жизнь. Встреча

студентов с такими мастерами своего дела является очень ценной. Надеюсь, в будущем смогу побывать ещё на подобных мероприятиях. Спасибо нашему университету за организацию форума!

Георгий ШАПОШНИКОВ,
Студент 3 курса кафедры журналистики
Атырауского университета
имени Халела Досмухамедова

ПОДРАБОТКА ДЛЯ СТУДЕНТОВ

Вот и прошёл первый месяц весны вместе с ее праздниками, и с каждым днём на улице становится все теплее, зеленее, светит солнце и птицы прилетают из зимнего перелета. А это значит, что и лето уже не за горами! Дети в школе считают дни до начала летних каникул, их родители продумывают планы на отпуск, а студенты... готовятся к летним сессиям и думают, как провести каникулы. Чем же могут занять себя студенты в такое жаркое и полностью свободное время? Большинство сейчас ищет себе работу на лето, но это никогда не было лёгкой задачей, особенно, если опыта работы нет. Если же Вы один из таких студентов и не можете найти себе подходящее трудоустройство на небольшой период, то специально для Вас, мы подготовили подходящую статью! Итак, КУДА МОЖНО ПОЙТИ РАБОТАТЬ СТУДЕНТУ ЭТИМ ЛЕТОМ?

И, пожалуй, для начала мы перечислим профессии, которые приходят самыми первыми в голову, когда задумываемся о подработке:

• РАБОТА В ОБЩЕПИТЕ

На данный момент, многие студенты работают официантами, кассирами или баристами, по ясным причинам. Это работа не требует опыта, навыков или сильной физической нагрузки. Летом особенно велика потребность в дополнительном персонале у ресторанов и кафе. В среднем, месячная оплата у них выходит от 50 тыс. до 200 тыс. Это ещё не учитывая, что официантам выдаются чаевые!

• СОТРУДНИК БАССЕЙНА ИЛИ АКВАПАРКА

В жаркий сезон остро появляется желание поплавать и искупаться в освежающей воде, от чего и возрастает популярность бассейнов и аквапарков летом. Главный критерий к этой работе: уметь плавать, а всему остальному Вас научат! Заработная плата зависит от того, чем определено Вы будете заниматься: от спасателя и тренера до смотрителя.

• СОТРУДНИК АКТИВИТИ-ПАРКА

Все больше и больше в нашем городе появляются активити-парков, поэтому им как никогда нужны рабочие люди. Летом все дети выходят на каникулы и по этому причине посетителей в активити-парках станет больше! Эта работа тоже не требует к себе опыта, только любовь к детям и свободный график. В среднем их заработная плата составляет примерно 150 тысяч тенге в месяц.

• АКВАТРИМЕР

Если Вы не только любите детей, но и ещё осваиваете творческие профессии, то аквагример Вам идеально подойдёт! С ней Вы сможете получить не только опыт в рисовании, но и набить руку для будущей профессии в этой же сфере деятельности. Аквагримеры за один аквагрим

в среднем получают по 2000 тенге.

• РЕПЕТИТОР В КРУЖКАХ

Работая репетитором, Вы получаете отличную возможность улучшить свои навыки в области, которой занимаетесь. Это работа считается одной из самых удобных из всех предложенных для студента. Потому что Вы сами ставите график, цену и специальность, по которой будете обучать.

• АНИМАТОР

Это работа отлично подойдёт талантливым и активным ребятам, кому скучно сидеть дома и нужен простор для



творчества. Если в Вас много энергии и Вы ищете шумные мероприятия, то Вам однозначно стоит попробовать себя в качестве аниматора! Это работа с гибким графиком и почасовой оплатой. Обычно аниматоры получают от 2500 до 4000 тенге в час.

• ПЕРЕДЕРЖКА ДОМАШНИХ ЖИВОТНЫХ

А вот эта работа уже для сидячих, кому хочется провести свое время дома, ну и для любителей животных, конечно. Летом большинство людей улетают или уезжают в отпуск, но своих пушистых любимчиков, к сожалению, забрать с собой не могут и оставить их тоже некому. Тогда они уже обращаются к таким вакансиям. Здесь тоже ничего сложного, Вам дома оставляют питомца и в Ваших обязанностях за ним ухаживать, кормить, убирать и прочие условия, которые Вы обязательно обговариваете. Цену тоже обговариваете сами, зависит от сложности ухода за питомцем, но чаще всего в объявлениях ставят цену от 1000-2000 тенге в день.

• ВОЖАТЫЙ В ЛАГЕРЕ

С началом летних каникул везде откроются лагеря и если Вы умеете обращаться с детьми и являетесь творческим человеком, то работа вожатого в лагере, вам подойдёт. Вожатый должен обладать талантом, быть заводным и интересным. Зачастую выбирают студентов из педагогического вуза. Студентам-педагогам нужно проходить практику, а лагерь для таких целей – идеальное место. Месячная оплата у вожатых в среднем от 80 тыс. до 150 тыс. тенге.

• ЖАСЫЛ ЕЛ

«Жасыл ел» — организация, направленная на сезонное трудоустройство школьной, студенческой и безработной молодёжи, создание лесных массивов по всей стране, тем самым, улучшение экологической ситуации в Казахстане. Это не только невероятно полезная работа, но и хорошо оплачиваемая! На работу в проекте «Жасыл ел» в первую очередь принимаются дети из многодетных, малообеспеченных семей, безработная молодёжь. От штатного «Жасыл ел» предоставляются бесплатная форма и заработная плата в размере 64 564 тенге в месяц.

Зарема ДЮСЕНГАЛИЕВА,
Студентка 2 курса кафедры журналистики
Атырауского университета имени
Халела Досмухамедова

УНИВЕРСИТЕТТЕ «ХАЛЕЛ АРУЫ-2023» БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Қоғам және мемлекет қайраткері, алаш көшбасшысы, ғұлама ғалым Халел Досмұхамедовтың 140 жылдығына орай университетімізде «Халел аруы-2023» сұлулық байқауы өтті. Байқауға әр факультеттің атынан сыны мен сымбаты келіскен бір арудан қатысып, шығармашылық сайыс, көйлектер дефилесі, сұрақ-жауап кезеңдерінен сүрінбей өтті.

Сайыс қорытындысында 1 орынды инновациялық білім беру факультетінен Гүлжүзім Қайрлиева, 2 орынды экономика және құқық факультетінен Альфия Оразова, 3 орынды гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінен Шаттық Кемелхан иеленді. Кеш соңында барлық қатысушыға дипломдар мен Алғыс хаттармен және қаржылай сыйақымен марапатталды.

«Халел аруы-2023» сұлулық байқауында бақ сынаған арулар біздің «Халел Досмұхамедов - сіз үшін кім, қай қырын ерекше бағалайсыз?; Он жылдан кейін өзіңізді қалай елестетесіз?; Сіздің ойыңыздағы қазақ қызы қандай? - деген сауалдарымызға жауап қайтарды.

Гүлжүзім Қайрлиева, инновациялық білім беру факультеті дене шынықтыру мамандығының 2-курс студенті:

1) Халел Досмұхамедов - Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз әрі ғалым. Мамандығы дәрігер бола тұрса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын: саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер аудармашы.

2) Он жылдан кейін өзімді оқуын жақсы аяқтаған, жақсы маман ретінде көремін. Тұрмыс құрып, отбасымда қамқор ана, жұмысымда әріптестерімнің алды болғым келеді. Және де бос уақытымда биді тастамай, сол кезде де қатар алып жүргім келеді.

3) Қазақ қызы ақылына көркі сай, бойында мейірімділік, сыпайлық, үлкенге деген құрметі, он қолынан өнер тамған қасиеттері болса, салт-дәстүрімізді ұмытпай, оны ұстанып жүрсе деймін.

Альфия Оразова, экономика және құқық факультеті құқықтану мамандығының 1 курс студенті:

1) Халел Досмұхамедов жастарға үлкен өнеге болатындай адам. Халелдің бойындағы ұлтшылдық қасиетін ерекше бағалаймын.

2) Он жылдан кейін өзімді білікті заңгерлердің қатарынан көремін. Заңгер болып қоғамдағы әлсіз жандар мен балаларды қорғағым келеді.

3) Еліміздің ар-ожданы келбеті болып саналатын қыз балалардың орны қашанда жоғары. Менің ойымдағы қазақ қызы инабатты, ибалы, өз-өзін ұстай білетін, үлкенге құрмет кішіг ізет көрсете білетін қыз.

Шаттық Кемелхан, гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті дизайн мамандығының 1 курс студенті:

1) Халел Досмұхамедов атамызды оқуға түскенге дейін Алаш қозғалысының қайраткері, тарихшы ретінде танитымын. Оқуға түсіп Халел атамыз туралы тереңірек білгенде оның дәрігер, аудармашы яғни көп қырлы дарын иесі екенін біле бастадым. Осы тұрғыда атамыздың өз ел-жұрты үшін, кейінгі толқын жастарға үлкен өнеге етіп жасап, тастап кеткен әрбір ісін бағалаймыз.

2) Он жыл аз уақыт емес. Осы уақыттың арасында өзімді, отбасымды еркін түрде қамтамасыз етіп жүрген және өзімді, айналамды танып білетін, жеке ойы қалыптасқан тұлға ретінде көргім келеді.

3) Әрбір қазақ қызы бір-бір үйдің бағалы асыл тасы десем қате айтқаным емес. Бойынан кербез сұлулығы мен көркем мінезі табылатын, ішкі және сыртқы жан дүниесінің бір бірімен ұштасып, әдемі әсер қалдырған кез-келген қызды қазақ қызы деп айта аламын.

Анель Сәрсенова, көптілді білім беру факультеті, аударма және аударматану мамандығының 3 курс студенті:

1) Халел Досмұхамедов мен үшін қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан қоғам қайраткері және саналы тұлға. Мен Халел Досмұхамедовтың көп қырлы, өз ісінің шебері екенін, сонымен қатар, әрбір саланы жетік меңгерген қасиетін ерекше

бағалаймын.

2) Он жылдан кейін өзімді мақсаттарына жетіп, армандары Алланың қалауымен орындалған, ата-анама қолғабыс болып, өмірден өз орнымды тапқан, яғни сүйікті жар, аяулы ана ретінде, сонымен қатар, шетелге саяхаттауға жиі шығып, өз алдына жеке жобалармен жұмыс жасайтын, өз еліме, қаламызға пайдасы тиетін саналы тұлға ретінде көремін.

3) Менің ойымдағы қазақ қызы үлкеннің тәрбиесін көрген, ата-ана қадірін білетін, ақылды, өзінің қылығымен ерекшеленетін, сабырлы, көркем мінезді нәзік жан.

Гүлназ Мутигулла, физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті дизайнды қолданбалы информатика мамандығының 1 курс студенті:

1) Халел Досмұхамедовты біз Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз әрі ғалым ретінде танымыз. 1915 жылдары оба індетіне қарсы күрес ісіне қатысты. Халел Досмұхамедов - көп қырлы дарынды тұлға. Тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер аудармашы ретіндегі қасиеттерін ерекше бағалаймын.

2) Он жылдан кейін мен 28 жаста боламын. Мен ол кезде оқуымды жақсы нәтижемен бітірген, мамандықпен шет елде жұмыс жасайтын, жер шарының жарты бөлігіне саяхат жасап, әлемнің кереметін өз көзіммен көрген, жетістікке жеткен, бақытты ана көремін. Байқағандарыңыздай, ең алдымен - мансап, содан кейін отбасы. Ал ең бастысы, ата анамның мақтанышы болып, салиқалы жар атану.

3) Менің ойымша, қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерімен бірге сырсымбаты да өзге ұлттан дараланып тұруы тиіс. Қыз бала үйден шыққанда тап-таза киініп, шашын таранып, әсем күлкісімен айналаға нұрын шашып жүруімен қатар сабағын да жақсы оқиды. Қазақ халқында қыздың тәрбиесіне аса қатты мән берген.

Жібек Келимбердина, жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультеті экология мамандығының 1 курс студенті:

1) Халел Досмұхамедов - есімі өшпейтін, ұрпағына асыл із қалдырған ірі тұлға. 56 жыл өмірін ғылымға, ағартушылыққа, саясатқа және тарихқа арнаған Халел атамыздың атындағы университетте оқығанымды мақтан тұтамын. Оның жауапкершілігі мен еліне деген сүйіспеншілігі - мен үшін бағалы қасиеттер. Сол кісінің жолын қуып, мен де университетіміздің атын шығарамын деген сенімдемін.

2) Он жылдан кейін өзімді оқыған және ізденісте жүрген адам ретінде көремін. Балалы-шағалы болуым Құдайдың қолында дерлік, бірақ, арман-мақсаттарымның көбі алдағы 10 жыл ішінде орындаларына кәміл сенемін.

3) Қазақ қызы - нәзік, ақылы көркіне сай және жан сұлулығын нұр етіп шашу қажет. Барлық жақсы қасиеттер қазақ қыздарының бойына дарыған. Өйткені, көнеден бері жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбие мен ата-баба мұралары бар. Қанша ғасыр өтсе де, қазақ қыздары өзінің кім екенін ұмытпай, ар-намысын жібермеу керек.



ГҮЛЖҮЗІМ



АЛЬФИЯ



ШАТТЫҚ



АНЕЛЬ



ГҮЛНАЗ



ЖІБЕК

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті